Нью-Йорк нарығына шыққан кезде Uber агрегаторы қысқа уақыт ішінде кең танымалдыққа ие болды, бұл көптеген сот дауларына себеп болды. “City of New York v. Uber Technologies Inc.” ісі ең резонансты процестердің бірі ретінде белгілі. Нью-Йорк қаласы Uber компаниясын заңсыз такси қызметін басқарды деп айыптап, миллиондаған доллар көлемінде залалды өндіруді талап етті. Талап арызда Uber лицензиясы жоқ жүргізушілерге жолаушыларды алып кетуге мүмкіндік беру арқылы заңды бұзады, бұл қоғамдық қауіпсіздікке қатер төндіріп, лицензияланған такси жүргізушілері үшін жосықсыз бәсекелестік туғызады деп көрсетілген (TLC, 2016).

Өз кезегінде Uber компаниясы өзін такси қызметі емес, технологиялық компания ретінде таныстырып, сондықтан дәстүрлі тасымалдаушыларға қолданылатын талаптар мен ережелердің өзіне тікелей қолданылмайтынын алға тартты. Компания жүргізушілерді тексеру жүйесі жолаушылар қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін жеткілікті сенімді екенін, ал оның қызметі керісінше жеке автокөлік иеленуге балама ұсынып, кептелістерді азайтуға ықпал ететінін көрсетті.

Бұл іс такси агрегаторларының нарықтағы өзін позициялау стратегиясын айқын көрсетеді: олар дәстүрлі тасымалдаушыларға жүктелетін міндеттемелерден жалтаруға тырысып, соның нәтижесінде азаматтық-құқықтық жауапкершіліктен де қашқақтайды. Мәселенің түпкі мәні — «такси агрегаторы» ұғымының нормативтік анықтамасының болмауы

компанияларға құқықтық түсініктерді әртүрлі қолдануға және заңда белгіленген талаптарды орындаудан жалтаруға мүмкіндік береді.

“City of New York v. Uber Technologies Inc.” ісі жалғыз мысал емес. Бұл қақтығыс агрегаторлардың қызметін реттейтін нақты құқықтық базаны қалыптастырудың қажеттілігін айқын көрсетеді. Мұндай база нарықтың барлық қатысушылары үшін тең жағдайды қамтамасыз етіп, тұтынушылар құқықтарының қорғалуына кепілдік беруі тиіс.

Еуропалық соттың C-434/15 ісі бойынша «Uber Systems Spain SL» компаниясына қатысты шешімі Испания соты Uber компаниясының құқықтық мәртебесіне байланысты қойған сұраққа жауап ретінде қабылданды (ECLI identifier: ECLI:EU:C:2017:981).

Негізгі мәселе Uber компаниясының көлік компаниясы болып табыла ма, әлде тек жолаушылар мен жүргізушілерді байланыстыратын платформа ғана ма деген сұрақ төңірегінде болды. Сот Uber-ді жай ғана платформа ретінде емес, көлік компаниясы ретінде қарастыру қажет деп шешті, өйткені ол сұраныс бойынша тасымалдау қызметін ұсынады және өз жүргізушілерінің қызметін белгілі бір деңгейде бақылайды.

Бұл шешім компания үшін маңызды құқықтық салдарға алып келді, себебі ол Uber қызметін Еуропалық заңнама шеңберінде міндетті түрде көлік компаниясы ретінде реттеуді көздейді. Мұндай реттеу такси қызметіне қолданылатын тиісті заңдар мен нормативтік актілерді сақтауды қамтиды, соның нәтижесінде компанияның қызметіне қойылатын талаптар күшейеді.

Сонымен қатар, шешім ұқсас қызмет көрсететін өзге компанияларға да ықпал етіп, оларды өз бизнес-модельдерін қайта қарауға мәжбүрледі. Бұдан бөлек, бұл мәселе еңбек құқықтарына да қатысты, өйткені көлік компаниялары, әдетте, платформаларға қарағанда еңбек заңнамасының қатаң талаптарына көбірек бағынады. Демек, бұл шешім Uber жүргізушілерінің құқықтық мәртебесін едәуір өзгертіп, оларға тәуелсіз делдал мәртебесінен гөрі еңбек қатынастарына тән құқықтарды беруі мүмкін.

Сот шешімдерін жалпылай келе, такси нарығындағы реттелетін субъектілер үшін бұрыннан көзделген барлық құқықтар мен міндеттерді такси агрегаторларына да қолдану дәстүрлі нарық қатысушыларының құқықтарын тиімді қорғауға және нарықтың бір ғана топтың қолында монополиялануына жол бермеуге мүмкіндік береді (UKSC 5, 2021).

Салыстырмалы-құқықтық талдау халықаралық тәжірибеде, әсіресе Еуропалық Одақтың бірқатар елдерінде, такси-агрегатор платформалары арқылы жұмыс істейтін жүргізушілердің құқықтық мәртебесін реттеуде өзге тәсіл қолданылатынын көрсетеді. Соның айқын мысалы ретінде Париж апелляциялық сотының 2019 жылғы қаңтардағы шешімін атап өтуге болады: бұл шешімде Uber компаниясы мен жүргізуші арасындағы келісім еңбек шарты ретінде танылған.

Сот өз шешімін жүргізушінің формалды түрде тәуелсіз мердігер мәртебесіне ие болғанына қарамастан, іс жүзінде Uber компаниясына тәуелді жағдайда жұмыс істегенімен негіздеді. Атап айтқанда, компания жүргізушінің еңбек қызметінің шарттарын, соның ішінде көрсетілетін қызметтердің бағасын белгілеуді бақылауда ұстаған. Бұл шешім «гиг-экономикадағы» жұмыскерлер мәртебесінің құқықтық белгісіздігін айқындап, жүргізушілермен өзара іс-қимылдың ұқсас моделін қолданатын басқа компаниялардың қызметіне елеулі ықпал етуі мүмкін екенін көрсетті.

Қазақстан Республикасында да агрегаторлар мен орындаушылар арасындағы қатынастарды саралауда ұқсас көзқарас сот тәжірибесі арқылы расталды. Бұған Оспан А.А.-ның «Glovo Kazakhstan» ЖШС-не қарсы ісімысал бола алады: кассациялық сатыдағы сот тараптар арасында ресми еңбек шарты болмағанына қарамастан, курьер мен платформа арасындағы қатынастардың еңбек сипатына ие болғаны туралы қорытындыға келген (ҚР Жоғарғы сотының қаулысы, 2021).

Сот Қазақстан Республикасының Еңбек кодексінің 27-бабында көрсетілген еңбек қатынастарының белгілерін және ХЕҰ-ның №198 ұсынымдарын басшылыққа алды. Атап айтқанда, курьердің бағыныштылығы, шарт еркіндігінің нақты болмауы және сыйақының жүйелі түрде төленуі сияқты критерийлер ескерілді. Нәтижесінде курьер мен агрегатор арасындағы агенттік қатынастар іс жүзінде еңбек қатынастары болғаны анықталып, бұл

агенттік шарттың жалған (құқықты бүркемелеу мақсатындағы) сипатқа ие екенін көрсетті.

Осындай тәсілдер платформалардың қызметін құқықтық реттеу кезінде қатынастардың нақты мазмұнын ескеру қажеттігін және еңбек қатынастарын азаматтық-құқықтық шарттармен бүркемелеуге байланысты теріс пайдаланушылықтың алдын алудың маңыздылығын айқындайды.

Түбегейлі ұқсас жағдай такси қызметтері саласында да орын алуы мүмкін: агрегаторлар жүргізушілермен формалды түрде шарттар жасап, оларға тәуелсіз мәртебе береді, алайда іс жүзінде мұндай қатынастар көбіне еңбек қатынастарына тән белгілерге ие болады (Долженко, 2014).

Жүргізушілер белгілі бір біліктілікті талап ететін жұмысты атқарады және еңбек процесін ұйымдастыру мен еңбекақы төлеу мәселелерінде агрегаторға тәуелді болып келеді (Заклюжная, 2008).

**Қорытынды.** Салыстырмалы талдау такси агрегаторлары мен жүргізушілер арасындағы қатынастарды еңбек қатынастары ретінде тану жүргізушілердің құқықтық қорғалу деңгейін арттырудың және агрегаторлардың азаматтық-құқықтық жауапкершілігін күшейтудің тиімді құралы бола алатынын көрсетеді. Егер мұндай қатынастар еңбек қатынастары ретінде танылса, агрегаторлар жүргізушілердің еңбек қызметі шеңберіндегі әрекеттері үшін жауапты болуы тиіс, бұл Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 921-бабында көзделген. Аталған норма заңды тұлғаны қызметкері еңбек міндеттерін орындау кезінде келтірген зиянды өтеуге міндеттейді, бұл тұтынушылар үшін тәуекелдерді төмендетуге және жүргізушілердің құқықтық жағдайын жақсартуға ықпал етер еді.

Салыстырмалы-құқықтық талдау негізінде такси агрегаторларының жауапкершілігін реттеудің оңтайлы нұсқасы ретінде агрегаторлар мен жүргізушілер арасындағы құқықтық қатынастарды еңбек қатынастары деп тану ұсынылады.

Халықаралық тәжірибені талдау цифрлық технологиялар мен платформалық экономиканың дамуы такси агрегаторларының жауапкершілігін құқықтық реттеуге елеулі ықпал ететінін көрсетеді.

Мұның мысалы ретінде Oberdorf v. Amazon.com Inc. ісі бойынша қабылданған шешімді атауға болады. Аталған іс платформалардың сатушы ретінде танылып, ақаулы тауарлардан келтірілген зиян үшін қатаң (кінәсіз) жауапкершілік көтеруі мүмкін екенін көрсетті. Бұл тәсілді такси агрегаторларына да қолдануға болады, өйткені олар көлік қызметінің ажырамас бөлігі ретінде танылып, жүргізушілердің әрекеттері үшін жауаптылыққа тартылуы тиіс.

Осындай көзқарас Еуропалық сот тәжірибесімен де расталады: C-434/15 Uber Systems Spain SL ісінде сот агрегатордың көлік қызметін көрсететінін және осы қызмет түрін реттейтін тиісті нормаларды сақтауға міндетті екенін атап өтті. Бұл прецедент агрегаторлардың азаматтық-құқықтық жауапкершілігін күшейту қажеттігін айқын көрсетеді (3d Cir. 2019).

Халықаралық реттеу тәжірибесі агрегаторлардың өз қызметінің нәтижесінде келтірілген зиян үшін қатаң әрі солидарлық жауапкершілікті енгізу мүмкіндігін қарастыруды көздейді (Богданов, 2020).

Бұл, әсіресе, платформа арқылы жұмыс істейтін жүргізуші жолаушыларға немесе үшінші тұлғаларға зиян келтіретін жағдайларда аса өзекті. Мұндай жауапкершілік моделі платформаларды өз орындаушыларын мұқият тексеруге ынталандырып, көрсетілетін қызметтердің сапасын арттыруға ықпал етеді.

Еуропалық құқық институтының модельдік қағидалары жеткізушілеріне елеулі ықпал ететін платформалардың жауапкершілігін танудың маңызын атап көрсетеді. Агрегаторлардың жүргізушілердің біліктілігін қамтамасыз ету және олардың қауіпсіздік стандарттарына сәйкестігін бақылау міндетін заңнамалық тұрғыда бекіту төмендегілерге мүмкіндік береді:

1. Тұтынушыларды қорғау деңгейін арттыру.
2. Жосықсыз орындаушылармен байланысты тәуекелдерді азайту.
3. Агрегаторларды өз қызметіне неғұрлым жауапты түрде қарауға ынталандыру.

## Әдебиеттер

- Бобков В.Н., Черных Е.А. Платформенная занятость: масштабы и признаки неустойчивости // Мир новой экономики. 2020. - № 14 (2). - С. 6–15.
- Богданов Д.Е. Влияние аддитивных технологий на определение модели деликтной ответственности оператора онлайн-платформы (2020) 73(7) Lex Russico 81 [Электронды ресурс] - URL: <https://clck.ru/3F4GVP>
- Долженко Р.А. Новые формы трудовых отношений: уточнение понятий (2014) (1) Вестник Алтайского государственного аграрного университета (111) [Электронды ресурс] - URL: <https://clck.ru/3ERRxS>. доступ получен 21 августа 2024 г.
- Закалюжная Н.В. Нетипичные трудовые отношения: видоизменение классических признаков (2008) Научные ведомости, выпуск 29, 7 <https://clck.ru/3ERS4J>. доступ получен: 25 мая 2024г.
- Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексі Қазақстан Республикасының Кодексі 2015 жылғы 23 қарашадағы № 414-V ҚРЗ. [Электронды ресурс] - URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1500000414>
- Қазақстан Республикасының құқықтық саясатының 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Президентінің 2021 жылғы 15 қазандағы № 674 Жарлығы. [Электронды ресурс] - URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/U2100000674>
- Қазақстан Республикасының әлеуметтік кодексі Қазақстан Республикасының 2023 жылғы 20 сәуірдегі № 224-VII ҚРЗ Кодексі. [Электронды ресурс] - URL: <https://adilet.zan.kz>.
- Қазақстанда еңбек нарығын дамытудың 2030 жылға дейінгі кешенді жоспары әзірленді [Электронды ресурс] - URL: <https://primeminister.kz/kz/news/kazakstanda-2030-zhylga-deyin-enbek-narygyn-damytudyn-keshendi-zhospary-azirlendi-23600>
- Люттов Н.Л. Адаптация трудового права к развитию цифровых технологий: вызовы и перспективы // Актуальные проблемы российского права. 2019. № 6 (103). С. 98–107.
- Савельева Е.А. Подходы к нормативно-правовому регулированию платформенной занятости в контексте обеспечения социально экономической безопасности России при переходе к цифровой экономике // Экономическая безопасность. 2020. - Т. 3, № 4. - С. 469–488.
- Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Әділетті Қазақстанның экономикалық бағдары» атты Қазақстан халқына Жолдауы [Электронды ресурс] - URL: <https://www.akorda.kz/kz/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevty-n-adiletti-kazakstannyn-ekonomikalyk-bagdary-atty-kazakstan-halkyna-zholdauy-18333>
- Постановление судебной коллегии по административным делам Верховного Суда Республики Казахстан 6001-21-00-6ап/19 «06» декабря 2021 года.
- Серова А.В. В поисках концепции правового регулирования платформенной занятости. Вестник Томского государственного университета. 2022. - № 477. - С. 260–268
- Чесалина О.В. Трудовые гарантии для лиц, занятых посредством онлайн-платформ // Herald of the Euro-Asian Law Congress. 2020. - № 1. - С. 108–117.
- New York City Sues Uber, Saying It Operates Outside the Law" (The New York Times, 2015): [Электронды ресурс] - URL: <https://www.nytimes.com/2015/06/12/nyregion/new-york-city-sues-uber-saying-it-operates-outside-the-law.html>
- Oberdorf v. Amazon.com Inc. [Электронды ресурс] - URL: <https://law.justia.com/cases/federal/appellate-courts/ca3/18-1041/18-1041-2019-07-03.html>
- Profesional Elite Taxi v Uber Systems Spain SL [Электронды ресурс] - URL: <https://eur-lex.europa.eu/legal-content/EN/TXT/?uri=celex:62015CJ0434>
- Taxi and Limousine Commission (TLC) New York [Электронды ресурс] - URL: <https://www1.nyc.gov/site/tlc/drivers/driver-requirements.page> доступ получен: 23 октября 2024 г.
- UK Supreme Court, Uber BV and others v Aslam and others [2021] UKSC 5 [Электронды ресурс] - URL: <https://www.supremecourt.uk/cases/uksc-2019-0029>

## References

- Bobkov, V. N., Chernykh, E. A. (2020). Platformennaya zanyatost': masshtaby i priznaki neustoychivosti (Platform employment: Scale and signs of precariousness). *Mir novoy ekonomiki*, 14(2), 6–15. [Russian].
- Bogdanov, D. E. (2020). Vliyaniye additivnykh tekhnologiy na opredeleniye modeli deliktnoy otvetstvennosti operatora onlayn-platformy (The impact of additive technologies on determining the tort liability model of an online platform operator). *Lex Russica*, 73(7), 81–92. <https://clck.ru/3F4GVP> [Russian].
- Dolzhenko, R. A. (2014). Novye formy trudovykh otnosheniy: utochneniye ponyatiy (New forms of labor relations: Clarification of concepts). *Vestnik Altayskogo gosudarstvennogo agrarnogo universiteta*, (1), 111. <https://clck.ru/3ERRxS> (accessed August 21, 2024). [Russian].
- Zakalyuzhnaya, N. V. (2008). Netipichnye trudovye otnosheniya: vidoizmeneniye klassicheskikh priznakov (Atypical labor relations: Transformation of classical features). *Nauchnye ведомosti*, 29(7). <https://clck.ru/3ERS4J> (accessed May 25, 2024). [Russian].
- Republic of Kazakhstan. (2015). Enbek kodeksi Qazaqstan Respublikasynyñ (Labour Code of the Republic of Kazakhstan). Law No. 414-V of November 23, 2015. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1500000414> [Kazakh].
- President of the Republic of Kazakhstan. (2021). Qazaqstan Respublikasynyñ 2030 zhyłǵa deyingi quqyqytq sayasaty kontseptsiyasyn bekitu turaly (On approval of the Concept of Legal Policy of the Republic of Kazakhstan until 2030). Decree No. 674 of October 15, 2021. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/U2100000674> [Kazakh].
- Republic of Kazakhstan. (2023). Qazaqstan Respublikasynyñ Aleumettik kodeksi (Social Code of the Republic of Kazakhstan). Law No. 224-VII of April 20, 2023. <https://adilet.zan.kz> [Kazakh].
- Prime Minister of the Republic of Kazakhstan. (2023). Qazaqstanda 2030 zhyłǵa deyin enbek narygyn damytudyn keshendi zhospary azirlendi (A comprehensive plan for the development of the labor market in Kazakhstan until 2030 has been developed). <https://primeminister.kz/kz/news/kazakstanda-2030-zhylga-deyin-enbek-narygyn-damytudyn-keshendi-zhospary-azirlendi-23600> [Kazakh].

- Lyutov, N. L. (2019). Adaptatsiya trudovogo prava k razvitiyu tsifrovyykh tekhnologiy: vyzovy i perspektivy (Adaptation of labor law to the development of digital technologies: Challenges and prospects). *Aktual'nye problemy rossiyskogo prava*, (6), 98–107. [Russian].
- Savelyeva, E. A. (2020). Podkhody k normativno-pravovomu regulirovaniyu platformennoy zanyatosti v kontekste obespecheniya sotsial'no-ekonomicheskoy bezopasnosti Rossii (Approaches to legal regulation of platform employment in the context of ensuring socio-economic security of Russia). *Ekonomicheskaya bezopasnost'*, 3(4), 469–488. [Russian].
- Tokayev, K.-Zh. (2023). Ādiletiti Qazaqstannyn ekonomikalıq bagdary (The economic course of a Just Kazakhstan). Address to the people of Kazakhstan. <https://www.akorda.kz/kz/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevty-n-adiletiti-kazakstannyn-ekonomikalıq-k-bagdary-atty-kazakistan-halkyna-zholdaıy-18333> [Kazakh].
- Supreme Court of the Republic of Kazakhstan. (2021). Postanovlenie sudebnoy kollegii po administrativnym delam (Decision of the Judicial Board for Administrative Cases), Case No. 6001-21-00-6an/19, December 6, 2021. [Russian].
- Serova, A. V. (2022). V poiskakh kontseptsii pravovogo regulirovaniya platformennoy zanyatosti (In search of a concept for legal regulation of platform employment). *Vestnik Tomskogo gosudarstvennogo universiteta*, (477), 260–268. [Russian].
- Chesalina, O. V. (2020). Trudopravovye garantii dlya lits, zanyatykh posredstvom onlayn-platform (Labor law guarantees for persons engaged through online platforms). *Herald of the Euro-Asian Law Congress*, (1), 108–117. [Russian].
- New York City sues Uber, saying it operates outside the law. (2015, June 12). *The New York Times*. <https://www.nytimes.com/2015/06/12/nyregion/new-york-city-sues-uber-saying-it-operates-outside-the-law.html> [English].
- Oberdorf v. Amazon.com Inc., No. 18-1041 (3d Cir. 2019). <https://law.justia.com/cases/federal/appellate-courts/ca3/18-1041/18-1041-2019-07-03.html> [English].
- Asociación Profesional Elite Taxi v. Uber Systems Spain SL, Case C-434/15 (Court of Justice of the European Union, 2017). <https://eur-lex.europa.eu/legal-content/EN/TXT/?uri=celex:62015CJ0434> [English].
- Taxi and Limousine Commission of New York City. (2024). Driver requirements. <https://www1.nyc.gov/site/tlc/drivers/driver-requirements.page> (accessed October 23, 2024). [English].
- Uber BV and others v Aslam and others [2021] UKSC 5. UK Supreme Court. <https://www.supremecourt.uk/cases/uksc-2019-0029> [English].

## ҚАРЫЗ АЛУШЫЛАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫН ҚОРҒАУДЫҢ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ТӘЖІРИБЕСІ ЖӘНЕ ОНЫ ҚАЗАҚСТАНДА ҚОЛДАНУ МҮМКІНДІКТЕРІ

<sup>1</sup>Б.Н. Төлеген\*<sup>ID</sup>, <sup>2</sup>А.С. Ибраев<sup>ID</sup>

<sup>1</sup>Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі,

<sup>2</sup>Астана Халықаралық университеті, Астана, Қазақстан

\*e-mail: Btlegen60@gmail.com

**Б.Н. Төлеген** – Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Мәжбүрлеп орындату комитеті жеке сот орындаушыларының қызметін бақылау басқармасының сарапшысы; Астана халықаралық университетінің магистранты, Астана қаласы, Қазақстан, e-mail: Btlegen60@gmail.com, <https://0009-0003-4631-796X>

**А.С. Ибраев** – PhD, Астана халықаралық университеті Құқық жоғары мектебінің аға оқытушысы, Астана қаласы, Қазақстан, e-mail: alisher-ibraev@mail.ru, <https://0000-0002-7082-4393>; Researcher ID WOS: X-1235-2018; Scopus Author ID: 57879500600

**Аңдатпа.** Мақалада қарыз алушылардың құқықтарын қорғаудың халықаралық тәжірибесіне терең талдау жүргізіліп, әртүрлі елдерде қолданылатын құқықтық механизмдер мен тәжірибелер, сондай-ақ олардың Қазақстандағы әлеуетті бейімделуі қарастырылады. Тұтынушылық несиелендіруді реттеудің негізгі аспектілері, оның ішінде несиелеу шарттарының ашықтығын қамтамасыз ету шаралары, жосықсыз несие берушілерден қорғау тетіктері, сондай-ақ халықтың қарыз жүктемесін азайтуға бағытталған құралдар қарастырылады. Қарыз алушыларды қорғаудың әртүрлі тәсілдерінің тиімділігін көрсететін деректер мен талдамалық материалдар келтіріледі, сондай-ақ халықаралық тәжірибенің табысты жағдайлары егжей-тегжейлі талданады. Салыстырмалы талдау шеңберінде Еуропалық Одақты, АҚШ-ты және Азия елдерін қоса алғанда, тұтынушылардың құқықтарын қорғау жүйесі дамыған елдердегі заңнамалық бастамалардың ерекшеліктері және олардың Қазақстанда қолданылу мүмкіндігі қарастырылады. Еліміздегі кредиттік рейтингін қалыптастыру жүйесін жетілдіру мәселелеріне талдау жасалады. Қазақстандағы қарыз алушылардың құқықтарын қорғаудың қазіргі жағдайын бағалауға, заңнамадағы және құқық қолдану практикасындағы әлсіз жақтарды анықтауға ерекше назар аударылады. Кредиторлар қызметін бақылаудың тиімді тетіктерін енгізуді, қаржы омбудсмені жүйесін дамытуды және кредиттік ұйымдарға мемлекеттік қадағалауды күшейтуді қоса алғанда, халықаралық тәжірибе тұрғысынан ұлттық реттеуді жетілдіру перспективалары қаралады. Осылайша, мақала халықаралық стандарттар мен озық тәжірибелерге негізделген қарыз алушыларды қорғау мәселелерін зерделеудің кешенді тәсілін ұсынады және оларды Қазақстан жағдайларына бейімдеу бойынша ұсыныстарды тұжырымдайды. Зерттеудің мақсаты - қарыз алушылардың құқықтарын қорғау саласындағы халықаралық тәжірибені зерттеп, оны Қазақстанға бейімдеу ұсыныстарын әзірлеу.

**Түйін сөздер:** тұтынушылық несие, қаржылық сауаттылық, омбудсмен, кредиттік рейтинг.

## МЕЖДУНАРОДНЫЙ ОПЫТ ЗАЩИТЫ ПРАВ ЗАЁМЩИКОВ И ВОЗМОЖНОСТИ ЕГО ПРИМЕНЕНИЯ В КАЗАХСТАНЕ

<sup>1</sup>Б.Н. Төлеген\*, <sup>2</sup>А.С. Ибраев

<sup>1</sup>Министерство юстиции Республики Казахстан,

<sup>2</sup>Международный университет Астана, Астана, Казахстан

\*e-mail: Btlegen60@gmail.com

**Б.Н. Төлеген** – эксперт управления по контролю за деятельностью частными судебными исполнителями Комитета принудительного исполнения Министерства юстиции Республики

Казахстан; магистрант Международного университета Астаны, Астана, Казахстан, e-mail: Btlegen60@gmail.com, <https://.0009-0003-4631-796X>

**А.С. Ибраев** – PhD, старший преподаватель Высшей школы права Международного университета Астана, Астана, Казахстан, e-mail: alisher-ibraev@mail.ru, <https://.0000-0002-7082-4393>; Researcher ID WOS: X-1235-2018; Scopus Author ID: 57879500600

**Аннотация.** В статье будет проведен углубленный анализ международного опыта защиты прав заемщиков, рассмотрены правовые механизмы и практики, применяемые в разных странах, а также их потенциальная адаптация в Казахстане. Рассматриваются основные аспекты регулирования потребительского кредитования, в том числе меры по обеспечению прозрачности условий кредитования, механизмы защиты от недобросовестных кредиторов, а также инструменты, направленные на снижение долговой нагрузки населения. Приводятся данные и аналитические материалы, отражающие эффективность различных способов защиты заемщиков, а также детально анализируются успешные случаи международной практики. В рамках сравнительного анализа будут рассмотрены особенности законодательных инициатив в странах с развитой системой защиты прав потребителей, включая Европейский союз, США и страны Азии, и возможность их применения в Казахстане. Будет проведен анализ вопросов совершенствования системы формирования кредитного рейтинга страны. Особое внимание уделяется оценке современного состояния защиты прав заемщиков в Казахстане, выявлению слабых мест в законодательстве и правоприменительной практике. Рассматриваются перспективы совершенствования национального регулирования с точки зрения международного опыта, включая внедрение эффективных механизмов контроля за деятельностью кредиторов, развитие системы финансового омбудсмена и усиление государственного надзора за кредитными организациями. Таким образом, в статье представлен комплексный подход к изучению вопросов защиты заемщиков, основанный на международных стандартах и передовом опыте, и сформулированы рекомендации по их адаптации к условиям Казахстана. Цель исследования – изучить международный опыт в области защиты прав заемщиков и разработать предложения по его адаптации в Казахстане.

**Ключевые слова:** потребительский кредит, финансовая грамотность, омбудсмен, кредитный рейтинг

## INTERNATIONAL EXPERIENCE IN PROTECTING BORROWERS' RIGHTS AND THE POSSIBILITIES OF ITS APPLICATION IN KAZAKHSTAN

<sup>1</sup>B.N. Tolegen\*, <sup>2</sup>A.S. Ibrayev

<sup>1</sup>Ministry of Justice of the Republic of Kazakhstan,

<sup>2</sup>Astana International University, Astana, Kazakhstan

\*e-mail: Btlegen60@gmail.com

**B.N. Tolegen** – is an expert of the Department for Monitoring the Activities of Private Bailiffs of the Committee for Enforcement of the Ministry of Justice of the Republic of Kazakhstan and a graduate student of the Astana international university, Astana, Kazakhstan, e-mail: Btlegen60@gmail.com, <https://.0009-0003-4631-796X>

**A.S. Ibrayev** – PhD, Senior Lecturer at the Higher School of Law of «Astana» International University, Astana, Kazakhstan, e-mail: alisher-ibraev@mail.ru, <https://.0000-0002-7082-4393>; Researcher ID WOS: X-1235-2018; Scopus Author ID: 57879500600

**Abstract.** The article will provide an in-depth analysis of international experience in protecting borrowers' rights. It will consider legal mechanisms and practices used in different countries and their potential adaptation in Kazakhstan. The main aspects of consumer lending regulation will be discussed, including measures to ensure transparency of credit terms, mechanisms to protect against unscrupulous lenders, and tools aimed at reducing debt burdens for the population. Data and analytical materials will be presented to reflect the effectiveness of different methods of protecting borrowers, as well as successful international practices. Comparative analysis will examine legislative initiatives

in countries with developed consumer protection systems, such as the European Union and the United States, and explore their potential application in Kazakhstan. The article discusses the issues of improving the country's credit rating system. Special attention is paid to analyzing the current state of borrowers' rights protection in Kazakhstan, as well as identifying weaknesses in legislation and enforcement practice. The paper considers the prospects for improving national regulation based on international experience, including the introduction of mechanisms for monitoring creditors' activities, the development of an ombudsman system, and strengthening state supervision over credit institutions. This article presents a comprehensive approach to studying borrower protection issues, based on international standards and best practices. It also makes recommendations for adapting these practices to the conditions in Kazakhstan. The main goal of the study is to analyze international experience in protecting borrowers' rights and propose ways to apply it in Kazakhstan.

**Key words:** consumer credit, financial literacy, ombudsman, credit rating

**Кіріспе.** Қарыз алушылардың құқықтарын қорғау мемлекеттің қаржылық тұрақтылығының негізгі аспектілерінің бірі болып табылады, өйткені халықтың несиелік жүктемесі тікелей банк секторының әл-ауқатының деңгейіне, экономикалық өсуіне және тұрақтылығына әсер етеді. Несиелеу қолжетімді болып, қаржы нарықтары қарқынды дамып жатқан қазіргі жағдайда қарыз алушыларды тұрақсыз кірістермен, пайыздық мөлшерлемелердің өсуімен және несиелеудің ашық емес шарттарымен байланысты ықтимал тәуекелдерден қорғаудың тиімді тетіктерін қамтамасыз ету ерекше маңызды.

2025 жылғы 1 наурыздағы жағдай бойынша ҚР ЕДБ-де халықтың несиелер бойынша жалпы қарызы 14 триллионнан астам теңгені құрады, бұл соманың едәуір бөлігі тұтынушылық несиелерге тиесілі, олар көбінесе ұзақ мерзімді инвестициялар немесе активтерді сатып алу үшін емес, ағымдағы шығындарды жабу үшін алынды (Миф о закредитованности: кто в Казахстане на самом деле берёт кредиты?, 2025).

Орташа алғанда, жұмыс істейтін әрбір азаматтың банктер 1,5 миллион теңгеден асады. Сонымен бірге, қарыз құрылымы қарыз алушылардың едәуір бөлігінің бір уақытта бірнеше несиеге ие екендігін көрсетеді, бұл экономикалық жағдай нашарлаған жағдайда дефолт қаупін арттырады.

2022 жылы Қазақстанда мерзімі өткен берешек деңгейі несиелердің жалпы көлемінің 8,2%-ын құрады, бұл азаматтардың алдында тұрған елеулі қаржылық қиындықтарды көрсетеді. Жоғары инфляция, кірістердің тұрақсыздығы және өмір сүру құнының өсуі жағдайында көптеген қарыз алушылар қиын қаржылық жағдайға тап болып, мәжбүр болады қайта кредиттелуге немесе қарыздар бойынша төлемдерді жүзеге асыра алмау салдарынан сот процестеріне тап болады. Бұл проблема әсіресе халықтың әлеуметтік осал топтарына қатты әсер етеді, олар көбінесе несиелеуге байланысты қаржылық тәуекелдер мен құқықтар туралы жеткілікті білімге ие емес.

Банктер мен микроқаржы ұйымдарының қызметін реттейтін қолданыстағы заңнамалық актілерге қарамастан, тәжірибе көрсеткендей, көптеген қарыз алушылар жосықсыз несиелік өнімдерге, жасырын төлемдерге, төлемдерді кешіктіргені үшін шектен тыс айыппұлдарға және өндіріп алудың агрессивті әдістеріне тап болады. Бұл қорғаныс механизмдерін жетілдіру қажеттілігін көрсетеді қарыз алушылар және несиелі нарығын реттеудің халықаралық стандарттарын енгізу.

**Материалдар мен әдістер.** Несиелеу саласын тиімді реттеу және қарыз алушылардың құқықтарын қорғау қаржы жүйесінің тұрақтылығын қамтамасыз етудің қажетті шарттарына айналады. Бұл саладағы мемлекеттік саясат несиелік берушілердің қызметін бақылауға ғана емес, сонымен бірге халықтың қаржылық сауаттылығын арттыруға, дауларды шешудің баламалы тетіктерін дамытуға, сондай-ақ несиелік жүктемені бақылаудың заманауи құралдарын енгізуге бағытталуы керек. Халықаралық тәжірибе Қазақстанға пайыздық мөлшерлемелерді реттеуді, мамандандырылған омбудсмендерді құруды/дамыту және проблемалық несиелерді қайта қаржыландыру бағдарламаларын әзірлеуді қоса алғанда, қарыз алушыларды қорғаудың табысты үлгілерін ұсына алады.

**Талқылау мен қорытындылар.** Қарыз алушылардың құқықтарын қорғаудың халықаралық тәжірибесі.

Әр түрлі елдерде қарыз алушылардың құқықтарын қорғау олардың қаржылық жүйелерінің ерекшеліктерін, халықтың несиелік деңгейі мен құқықтық мәдениетін ескере отырып дамиды. Дегенмен, тиімді тетіктердің көпшілігінің негізінде үш негізгі қағида жатыр: несиелеу шарттарының ашықтығы, жосықсыз несие берушілерден қорғау және дауларды шешу тетіктеріне қолжетімділік.

Еуропалық Парламент пен Кеңестің 2008 жылғы 23 сәуірдегі тұтынушылық несиелеу шарттары туралы 2008/48/ЕС директивасы тұтынушылық несиелер саласындағы ЕО елдерінің заңнамасын үйлестіруге бағытталған. Оның мақсаты-тұтынушыларды қорғаудың жоғары деңгейін қамтамасыз ету және тұтынушылық несиелеудің ашық және тиімді нарығын құру. Несие берушілер тұтынушыларға несие шарты жасалғанға дейін стандартты ақпарат беруге міндетті. Бұл мыналарды қамтиды:

- несие сомасы;
- шарттың қолданылу мерзімі;
- пайыздық мөлшерлеме;
- ай сайынғы төлемдер;
- төлеуге жататын жалпы сома.

Бұл нормалар тұтынушыларға әртүрлі ұсыныстарды салыстыруға және негізделген шешімдер қабылдауға мүмкіндік береді. Несие берушілер қажетті ақпаратты пайдалана отырып, шарт жасасқанға дейін тұтынушының несиелік қабілетін бағалауға міндетті (2008/48/ЕС Директивасы, 2008:70-72).

Қазақстан Республикасының заңнамасында (Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының «Микрокредит беру туралы шартты жасасу тәртібін, оның ішінде шарттың мазмұнына, ресімделуіне және микрокредиттің толық құны (микрокредит бойынша артық төленетін сома, микрокредит мәні) туралы ақпаратты қамтитын оның бірінші бетіне, микрокредит беру туралы шарттың міндетті шарттарына қойылатын талаптарды, сондай-ақ микрокредитті өтеу кестесінің нысанын бекіту туралы» 2019 жылғы 29 қарашадағы № 232 қаулысы, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2019 жылғы 29 қарашадағы № 232 қаулысына 1-қосымша 3 тармағы)((тұтынушылардың құқықтарын қорғау мақсатында Еуропа Одағының 2008/48/ЕС директивасына ұқсас нормалар бар. Микроқаржылық қызметті жүзеге асыратын ұйымдары (МҚҰ) жеке тұлғамен микрокредит беру туралы шарт жасасқанға дейін микроқаржылық қызметті жүзеге асыратын ұйым жеке тұлғаны оның микрокредит алу үшін жүгінген тәсіліне қарамастан жылдық пайызбен сыйақы мөлшерлемесінің мөлшері, жылдық тиімді сыйақы мөлшерлемесінің мөлшері (микрокредиттің нақты құны), микрокредит бойынша артық төлем сомасы туралы хабардар етеді, сондай-ақ қарыз алушының осы шарт бойынша кредиттік досьесіне қоса берілетін, микроқаржы ұйымы жүзеге асырған іс-шаралар тізбесін міндетті түрде белгілей отырып, Микроқаржылық қызмет туралы Қазақстан Республикасының 2012 жылғы 26 қарашадағы № 56-V Заңы 7-бабы 2-тармағының 4) және 5) тармақшаларында көзделген іс-шараларды жүзеге асырады (Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасы, 2019 жылғы 29 қарашадағы № 232 қаулысы.).

Және де тұтынушылар келісімшарт мерзімі аяқталғанға дейін несиені толық немесе ішінара өтеуге құқылы. Бұл жағдайда несие беруші әділ және объективті негізделген өтемақыны талап ете алады, бірақ белгілі бір деңгейден аспайды. Сонымен қатар, заем алушылар несиені мерзімінен бұрын (толық немесе жартылай) өтеуге құқылы, ал несие беруші тек әділ өтемақыны ғана талап ете алады. Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының «Микрокредит алу үшін қажетті құжаттардың тізбесін, сондай-ақ Микрокредит беру туралы шарт бойынша кредиттік дерекнама жүргізу қағидаларын бекіту туралы» 2019 жылғы 26 қарашадағы № 210 қаулысы 1-қосымша 1-тармақ, 5) тармақшасына сай Микрокредит алу үшін өтініш беруші-жеке тұлға қарыз алушының борыштық жүктемесінің коэффициентін есептеу үшін қажетті құжаттар және ақпараттарды ұсынады. Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының «Микроқаржылық қызметті жүзеге асыратын

ұйым қарыз алушысының борыштық жүктемесінің коэффициентін есептеу қағидаларын және шекті мәнін бекіту туралы» 2019 жылғы 28 қарашадағы № 215 қаулысы 2-тарауына сай Микроқаржы ұйымы қарыз алушының борыштық жүктемесінің коэффициентін екі кезеңмен есептейді:

- 1) бірінші кезең – қарыз алушының төлем қабілеттілігін бағалау;
- 2) екінші кезең – қарыз алушының борыштық жүктемесінің коэффициентін есептеу (Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасы, 2019 жылғы 26 қарашадағы № 210 қаулысы).

Ал тәжірибеде бұл тарауды талаптарды кейбір МҚҰ - дар тарапынан орындалмайды және қарыз алушы азаматтар бұл талаптарды айналып өтеді. Талаптарды орындалмауының негізгісі ретінде келесі факторларды атап өтуге болады.

1. Көптеген азаматтар микроқаржылық ұйымдарынан төлеу қабілетін тексерусіз несие алады.

2. Кейбір азаматтар магазиндерден тауарлы несие алып, сатушымен келісіп, тауарды қайтарып ақшалай қаражат алады. Бұл әдіс банктік және МҚҰ қатаң талаптардан құтылуға мүмкіндік береді.

3. Көптеген онлайн-несие берушілер қарыз алушыдан тек кіріс сомасын жазуын сұрайды, бірақ оны құжатпен растауды талап етпейді. Осыған сәйкес, кейбір азаматтар жоғары кіріс көрсетіп, өз төлеу қабілетінен асып несие алады.

4. Кейбір азаматтар әртүрлі микроқаржылық ұйымдарынан бір мезгілде бірнеше несие алып, жалпы қарыз жүктемесін жасырады.

Бұл бұл жағдайлар келесі факторларды әсерінен орын алады:

МҚҰ қызметіне жеткіліксіз бақылау - заңдар қатаң болса да, кейбір ұйымдар айналып өтеді.

Қаржылық сауатсыздық - азаматтар жоғары пайыздардың зардаптарын түсінбейді.

Ақшаға деген жедел қажеттілік - азаматтар арзан несие опцияларының жоқтығынан қымбат несиелерге жүгінеді.

Қазақстанда тұтынушыларды қорғау механизмдері бар, бірақ олардың тиімділігі несие берушілер мен қарыз алушылардың заңды талаптарды айналып өтулерінің нәтижесінде әлсіреп отыр.

Қарыз алушыларды қорғаудың тағы бір маңызды аспектісі болып несиеден айыппұлсыз 14 күн ішінде бас тарту құқығы табылады. Бұл тұтынушыларға асығыс шешім қабылдаудан аулақ болуға және шарттар тиімсіз болған жағдайда несиеден бас тартуға мүмкіндік береді.

Сондай-ақ ЕО-ның көптеген елдерінде қарыз алушыларды жасырын алымдардан және кешіктірілген төлемдер үшін шамадан тыс айыппұлдардан қорғау тетіктері енгізілген.

Schufa әрбір азамат пен компанияның қаржылық тарихын қадағалайды. Ол несиелер, кредиттік карталар, лизингтік келісімдер, банк шоттары, төленбеген қарыздар, сот шешімдері мен банкроттықтар туралы ақпараттарды жинайды. Бұл деректер негізінде әрбір адамға Schufa Score деп аталатын жеке кредиттік рейтинг беріледі. Бұл рейтинг 0-ден 100%-ға дейінгі шкала бойынша есептеледі, ал жоғары көрсеткіш - қаржылық сенімділіктің белгісі.

Германияда тұтынушылардың құқықтарын қорғау маңызды рөл атқарады. Сондықтан әрбір азамат жылына бір рет тегін өзінің Schufa есебін сұрата алады. Егер қарыз алушы өз есебінде қате деректерді анықтаса, ол оларды түзетуге немесе дауласуға құқылы. Бұл процесс деректердің дұрыс әрі әділ болуын қамтамасыз етеді (Браун, 2022).

Айта кететін Schufa жүйесінің өзіндік артықшылықтары бар. Бірінші Қарыз алушылардың төлем қабілеттілігін әділ бағалау. Мысалы Банк клиентке несие бермес бұрын, оның қаржылық жағдайын жан-жақты тексереді, бұл несие нарығындағы тәуекелдерді төмендетеді. Екінші артық несие алу қаупінің алдын алу. Мысалы егер адамның Schufa рейтингі төмен болса, ол жаңа несие алу кезінде қиындықтарға тап болуы мүмкін. Бұл азаматтарды жауапкершілікпен несие алуға ынталандырады. Ең маңыздысы қарыз алушылардың қаржылық жағдайын бақылау мүмкіндігі. Бұл мысалда азаматтар өздерінің қаржылық тарихын тексеріп, қажет болған жағдайда, қателіктерді түзете алады (Афанасьев,

2024).

Schufa сияқты жеке кредиттік бюролар тек банктік несиелерді ғана емес, сонымен қатар қаржылық сенімділікті бағалау үшін жалдау және ТКШ деректерін де ескереді. Мысалы, пәтер немесе коммуналдық төлемдер уақытлы төленбеуі несиелік ұпайларды төмендетуі мүмкін, ал тұрақты төлемдер оны жақсартуы мүмкін, әсіресе классикалық несие тарихы жоқ адамдар үшін өте пайдалы. Алайда бұл әдістер біздің елімізде қолданылмайды.

Қазақстанда да осы «Schufa» тәрізді кредиттік есеп (рейтинг) беретін мекемелер бар. Олар Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы кредиттік бюролар және кредиттік қалыптастыру туралы» 2004 жылғы 6 шілдедегі №573 Заңына сай қызметтерін жүзеге асырады. Қазіргі таңда тарихты көрсететін екі кредиттік бюро белгілі. Біріншісі "Мемлекеттік кредиттік бюро" АҚ (бұдан әрі - МКБ). «Мемлекеттік кредиттік бюро» АҚ Кредиттік тарихтардың деректер базасының және Бірыңғай сақтандыру деректері базасының операторы болып табылады. МКБ - 100% дауыс беретін акциялары Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне тиесілі мамандандырылған коммерциялық емес ұйым болып табылады. МКБ Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы кредиттік бюролар және кредиттік тарихты қалыптастыру туралы» 2004 жылғы 6 шілдедегі № 573-ІІ заңының 7-бабына сай Кредиттік бюролар қызметінің негізгі мақсаты кредиттік тарихты қалыптастыру және кредиттік есептер беру болып табылады («Қазақстан Республикасындағы кредиттік бюролар және кредиттік тарихты қалыптастыру туралы» ҚР 2004 жылғы 6 шілдедегі N 573 Заңы). Осы заңның 21-бап 2 тармағына сай кредиттік тарих субъектісі, өзі туралы кредиттік есепті күнтізбелік жыл ішінде бір рет тегін алуға құқылы. Және жекеменшік нысанда қызметін жүзеге асыратын "Бірінші кредиттік бюро" ЖШС. Бүгінгі күні МКБ кредиттік тарих дерекқорына бес жүзден астам ұйым:

- ҚР азаматтарының төлем қабілеттілігін қалпына келтіру және банкроттығы бойынша мемлекеттік басқару саласындағы уәкілетті орган;
- барлық екінші деңгейдегі банктер;
- барлық микроқаржы ұйымдары;
- банктік операциялардың жекелеген түрлерін жүзеге асыратын барлық ұйымдар;
- коммуналдық қызметті көрсететін табиғи монополиялар субъектілері;
- өзге кредиттік ұйымдар;
- ұялы байланыс операторлары (байланыс құралдарын кредитке не бөліп төлеп алған субъектілер туралы ақпарат);
- коллекторлық агенттіктер ақпарат береді.

Сонымен қатар аталған ұйымдар «Мемлекеттік кредиттік бюро» АҚ-қа міндетті тәртіпте ақпарат беретінін және оны жаңартып тұрады, себебі бұл заңнамада көрсетілген. Ұйымдар «Бірінші кредиттік бюро» ЖШС-ке ақпаратты өздерінің қалауы бойынша береді (Кредиттік бюро, 2020).

Ұлыбританияда ұялы байланыс бойынша төлемдерді уақытылы төлеу сіздің кредиттік рейтингіңізге оң әсер етеді. Experian, Equifax және TransUnion сияқты несиелік агенттіктер ұялы телефон келісімшарттары бойынша тұрақты төлемдерді несиелік рейтингті есептеу кезінде ескереді. Төлемдерді уақытылы орындау сіздің қаржылық жауапкершілігіңізді көрсетеді және кредиттік тарихыңызды жақсартады. Алайда, төлемдерді кешіктіру немесе мүлдем төлемеу сіздің несие тарихыңызға теріс әсер етуі мүмкін.

Жаңа телефондық келісімшарт жасасу кезінде байланыс операторлары әдетте сіздің несиелік қабілеттілігіңізді тексереді, бұл сіздің несиелік есебіңізде «қатаң сұраныс» ретінде тіркеледі. Мұндай бір реттік тексеріс кредиттік тарихқа айтарлықтай әсер етпеуі мүмкін, бірақ қысқа уақыт ішінде бірнеше тексерістің жүргізілуі несие рейтингіңізге теріс әсерін тигізуі ықтимал.

Осылайша, Ұлыбританияда ұялы байланыс қызметтеріне байланысты төлемдерді уақытылы орындау және телефон келісімшарттарын ұқыпты басқару сіздің несиелік рейтингіңізді сақтауға және жақсартуға көмектеседі (Понимание влияния телефонных контрактов в Великобритании на вашу кредитную историю, 2024).

Кредиттік есеп мәселесін қарастыра келе бізде келесідей өзгерістер енгізу қажет деп санаймын. Несие рәсімдеу кезінде тек кредиттік ұйымдардан алған немесе кешіктірілген қарыздардың тарихын есепке алып ғана қоймай, коммуналдық төлемдердің (мыс.: «Астана қалалық жарық» ЖШС), салық төлемдерінің уақытылы төленгені/төленбегені туралы ақпараттарды есепке алған жөн. Егерде ұялы байланыс операторлары азаматтармен бір жыл немесе одан да көп мерзімге келісімшартқа отырған жағдайда, бұл ақпаратты да керекті есепке алынғаны жөн деп санаймын. Бұған себеп ай сайынғы табысы жеткілікті, бірақ өмірінде несие алмаған адамға керек кезінде өз атына несие рәсімдеуіне ескірген талаптар мен кредиттік есептің тек азаматтың кредиттік есебіне қарап керекті соманы мақұлдамауы өте өкінішті.

Жапонияда үкімет несиелер бойынша ең жоғары пайыздық мөлшерлемені жылдық 20% ретінде шектеді. Бұл халықтың шамадан тыс несиеленуін азайтуға және жоғары пайыздық мөлшерлеменен несие ұсынған жосықсыз несие берушілердің қызметін шектеуге мүмкіндік берді. Жапонияда ерекше ескертулер жүйесі бар. Банктер қарыз алушыға, егер оның қарызы белгілі бір деңгейден асып кетсе, тәуекелдер туралы хабарлауға міндетті (Пайыздық мөлшерлемелерді шектеу туралы заң, 1954 ж. №100 Заң, 1-бап).

Оңтүстік Корея үкіметі 2022 жылы экономикалық қиындыққа тап болған жеке тұлғалар мен шағын кәсіпкерлерге арналған қарыздарды қайта құрылымдау бағдарламаларын іске қосты. Бұл бағдарламалар аясында қарыз алушылардың қаржылық жағдайын жақсарту және олардың несие міндеттемелерін жеңілдету мақсатында түрлі шаралар ұсынылды.

Ең алдымен, қарыз мерзімін ұзарту шарасы енгізілді. Қарыз алушылардың қарыздары бастапқы мерзімінен 3 жылға дейін ұзартылады, бұл олардың қаржылық жүктемесін жеңілдетуге мүмкіндік береді. Сонымен қатар, қарыздар бойынша пайыздық мөлшерлемелерді төмендету де қарастырылған. Жылдық пайыздық мөлшерлемесі 7%-дан жоғары қарыздар бойынша мөлшерлемелер 30%-50%-ға дейін төмендетілді. Бұл шаралар әсіресе қаржылық қиындыққа ұшыраған азаматтар үшін өте маңызды болды.

Бағдарлама аясында қарыздарды сатып алу механизмі де қарастырылған. Оңтүстік Кореяның қаржылық ұйымдары, соның ішінде Korea Asset Management Corporation (КАМСО), 30 триллион вон (шамамен 22,8 миллиард доллар) көлемінде проблемалық қарыздарды сатып алуды жоспарлады. Сонымен қатар, қарызды азайту шаралары да енгізілді, бұл қарыз алушыларға негізгі қарыз сомасын азайтуға мүмкіндік береді.

Жас азаматтарды қолдау мақсатында бағдарламаға қатысу үшін 34 жасқа дейінгі тұлғалар мен төмен несиелік баллы бар азаматтар үшін арнайы жеңілдіктер қарастырылды. Бұл шаралар экономикалық дағдарыс кезінде ауыртпалықты сезініп отырған азаматтарға нақты көмек көрсетуге бағытталған.

Қарыздарды қайта құрылымдау бағдарламасы Оңтүстік Кореядағы әлеуметтік және экономикалық жағдайдың күрделенуімен тығыз байланысты. Құрылымдаудың басты мақсаты - азаматтардың қаржылық тұрақтылығын қалпына келтіру және жалпы қоғамның экономикалық жағдайын жақсарту болып табылады (Lee, 2022).

Ипотекалық несиелер бойынша ең дамыған елдер ішінде Швейцариялық ипотекалық жүйесін айта аламыз. Швейцария дәстүрлі түрде ипотекалық несие бойынша ең тұрақты елдердің бірі болып саналады. Бұл қатаң заңнамалық талаптарға, төмен пайыздық мөлшерлемелерге және ипотекалық несиелердің ұзақ мерзімді бағдарлануына байланысты. Бұл әрекеттер Швейцарияның Азаматтық кодексін (ZGB) және міндеттеме-құқықтық кодексін (OR) қоса алғанда, өзекті заңнамаға сүйене отырып, швейцариялық ипотекалық жүйенің негізгі аспектілерін қарастырады.

Швейцариядағы ипотекалық несиелеу бірқатар заңнамалық актілермен реттеледі, олардың негізгілері Швейцарияның Азаматтық кодексі (ZGB, SR 210) және міндеттемелер кодексі (OR, SR 220). Бірінші кодекс меншік құқығын, мұрагерлік ережелерін және кепіл құқығын анықтайды, ал екіншісі несиелік шарттарды қоса алғанда, міндеттеме қатынастарын реттейді. Сонымен қатар, қаржы институттарын реттейтін банктер мен жинақ қассалары туралы Федералды заң (BankG, SR 952.0) және қарыз алушылардың құқықтарын қорғау ережелерін белгілейтін тұтынушылық несие туралы Федералды заң (Kkg, SR 221.214.1) жұмыс

істейді.

Швейцарияда қарыз алушыларға қатаң талаптар қойылады, бұл банктер үшін де, әсіресе клиенттер үшін де тәуекелдерді азайтады. Біріншіден, қарыз алушы сатып алынатын жылжымайтын мүлік құнының кемінде 20% - салуы тиіс, бұл қарызды қайтармау тәуекелдерін азайтады. Екіншіден, максималды рұқсат етілген қарыз жүктемесі қарыз алушының жалпы жылдық кірісінің 33%- мен шектелген. Сонымен қатар, банктер несиені мақұлдас бұрын жылжымайтын мүлікке оның нарықтық құнын және несиелі талаптарына сәйкестігін анықтау үшін тәуелсіз бағалау жүргізеді (SNB Financial Stability Report, 2023:45).

Таңдау құқығын негізге алып Швейцариялық ипотекалық несиелер нарығы несиелердің бірнеше түрін ұсынады. Ең көп таралған нұсқа-2 жылдан 15 жылға дейін белгіленген белгіленген пайыздық мөлшерлемен несиелер. Өзгермелі мөлшерлеме опциялары нарықтық жағдайларға байланысты. Бұл оларды болжау мүмкіндігінсіз, бірақ төмен пайыздық мөлшерлеме жағдайында тиімді етеді. SARON (Swiss average Rate Overnight) индексіне байланысты несиелер де өте танымал болып келеді, олар банкаралық мөлшерлемелерге байланысты үнемі жаңартылып отырады. 2025 жылға қарай Швейцариядағы орташа ипотекалық мөлшерлемелер Еуропадағы ең төменгі ставкалардың бірі болып қала береді.

Швейцариялық ипотека көбінесе 50 жылдан астам мерзімге берілетіндіктен, әлемде ұзақ мерзімді ипотекалық несиелер болуымен танымал. Бұл икемді амортизация жүйесіне байланысты. Тікелей амортизация кезінде қарыз алушы негізгі қарыздың бір бөлігін үнемі төлеп, оның мөлшерін азайтады. Жанама амортизация кезінде төлемдер жеке жинақ шотына немесе зейнетақы қорына жіберіледі, содан кейін ол несиені өтеу үшін пайдаланылады. Мұндай механизм қарыз алушыларға салық міндеттемелерін азайтуға және қаржыны басқаруды оңтайландыруға мүмкіндік береді.

Швейцарияның ипотекалық жүйесі жоғары сенімділікпен және қатаң заңнамалық реттеумен сипатталады. Ең төменгі бастапқы жарна, борыштық жүктемені шектеу және ұзақ мерзімді несиелер сияқты нормаларды қолдану қаржы секторының тұрақтылығына және нарық қатысушылары үшін тәуекелдерді төмендетуге ықпал етеді. Заңнамалық механизмдер мен экономикалық факторлардың үйлесуі Швейцарияның ипотекалық жүйесін әлемдегі ең тиімді жүйелердің біріне айналдырады.

Осылайша, қарыз алушыларды қорғаудың халықаралық тәжірибесі несиеленудің ашықтығын арттыруға, пайыздық мөлшерлемелерді шектеуге, коллекторлардың қызметін бақылауға және қаржылық дауларды шешудің балама әдістерін дамытуға бағытталған кең ауқымды шараларды қамтиды.

Дамыған ел ретінде Сингапурда, қарыз алушылардың құқықтарын қорғау үшін негізгі реттеуші орган - Ақша-кредит басқармасы (Monetary Authority of Singapore бұдан әрі - MAS) болып табылады. MAS - елдің орталық банкі әрі қаржы нарығын реттеуші мекеме. Ол Сингапурдың қаржылық тұрақтылығын қамтамасыз ету, ақша-несиелі саясатын жүргізу және ел экономикасының дамуын қолдау бойынша маңызды рөл атқарады.

MAS қаржы институттарына лицензия беру, банктердің қызметін реттеу және қаржы нарығының тұрақтылығын сақтау міндеттерін атқарады. Бұл орган банк секторындағы несиелі беру ережелерін қадағалайды және қаржы ұйымдарының әділ әрі ашық қызмет етуін қамтамасыз етеді. MAS банктерден клиенттерге толық әрі шынайы ақпарат беруін талап етеді. Мысалы, несиелі шарттары, пайыздық мөлшерлемелер және төлем міндеттемелері туралы ақпарат ашық болуы тиіс.

Сонымен қатар, MAS қаржылық технологияларды дамыту мен қауіпсіздікті арттыруға көңіл бөледі. Қаржы ұйымдары үшін киберқауіпсіздік талаптарын енгізу арқылы клиенттердің деректерін қорғау шараларын күшейтуде. Қарыз алушылардың құқықтарын қорғау мақсатында MAS банктер мен микроқаржылық ұйымдардың жауапкершілігін арттыруға бағытталған жаңа заңнамалық нормаларды қабылдап отырады.

MAS Сингапурда тұтынушылардың қаржылық сауаттылығын арттыруға да ерекше мән береді. Арнайы бағдарламалар арқылы азаматтардың қаржылық жоспарлау дағдыларын дамыту, несиелік міндеттемелерді түсіндіру және қаржылық тәуекелдерді басқару бойынша

оқыту жұмыстары жүргізіледі. Осылайша, MAS Сингапурдағы несиелік нарықты реттеу арқылы қарыз алушылардың құқықтарын қорғау мен қаржылық тұрақтылықты қамтамасыз етуге ықпал етеді (Monetary Authority of Singapore ресми сайты).

Сингапурдың қаржылық тұрақтылығын сақтау мақсатында депозиттерді сақтандыру жүйесі енгізілген. Бұл жүйе банк клиенттерінің қаражатын қорғауға бағытталған және қарыз алушылардың сенімділігін арттырады. Егер банк банкротқа ұшыраса немесе қаржылық қиындықтарға тап болса, депозиттерді сақтандыру жүйесі азаматтардың қаражатын толық немесе белгілі бір мөлшерде өтеп береді.

Сингапурда депозиттерді сақтандыру жүйесі Singapore Deposit Insurance Corporation (SDIC) ұйымы арқылы жүзеге асырылады. Бұл мекеме банк жүйесіндегі тұрақтылықты қамтамасыз ету және салымшылардың мүдделерін қорғау мақсатында жұмыс істейді. SDIC арқылы сақтандырылған депозиттер белгілі бір шектеулі сомада кепілдендіріледі, бұл қаржы жүйесіндегі сенімділікті нығайтады.

Депозиттерді сақтандырудың басты мақсаты - банктердің жауапкершілігін арттыру, қаржылық жүйеге деген халықтың сенімін күшейту және қаржы нарығындағы тұрақтылықты қамтамасыз ету. Қарыз алушылар үшін бұл жүйе үлкен маңызға ие, себебі олар өз қаражаттарының қауіпсіз екендігіне сенімді бола алады. Сонымен қатар, бұл механизм қаржы ұйымдарының тәуекелдерді басқару жүйесін жетілдіруге ықпал етеді.

Сингапурдың қаржы нарығы әлемдегі ең тұрақты жүйелердің бірі болып саналады, және депозиттерді сақтандыру жүйесі оның негізгі тіректерінің бірі болып табылады. Қаржы институттары мен үкімет арасындағы тиімді ынтымақтастық арқасында Сингапурдағы банк жүйесі жоғары деңгейде реттеліп, қарыз алушылардың құқықтарын қорғауға басымдық беріледі (Singapore Deposit Insurance Corporation сайты).

Сингапурда қарыз алушылардың құқықтарын қорғау үшін несие беру шарттарын реттейтін нақты ережелер бар. Елдегі барлық қаржы институттары несие беру талаптарын ашық жариялап, тұтынушыларға толық ақпарат беруге міндетті. Бұл талаптар Сингапур Кредиттік басқармасы (MAS) және басқа да реттеуші органдар арқылы бақыланады.

Сингапурдағы несие беру ережелері негізінен пайыздық мөлшерлемелерді реттеу, тұтынушыларға ақпарат беру және қарызды қайтару шарттарын анықтау мәселелерін қамтиды. Банктер мен микроқаржылық ұйымдар тұтынушылардың төлем қабілеттілігін бағалау үшін олардың кредиттік тарихын зерттейді. Бұл жүйе арқылы азаматтардың артық несие алуына жол бермей, қаржылық тұрақсыздықтың алдын алу көзделген.

Сонымен қатар, Сингапурда несиелік келісімшарттарда жасырын комиссиялар мен қосымша төлемдер болмауы тиіс. Бұл талаптар тұтынушылардың құқықтарын қорғау үшін енгізілген және қаржы ұйымдарының жауапкершілігін арттырады. Банктер қарыз алушыларға несиелік шарттарды толық түсіндіруге міндетті, ал тұтынушылар өз құқықтарын білулері үшін арнайы қаржылық сауаттылық бағдарламалары ұйымдастырылады.

Тағы бір маңызды аспект - қаржылық қиындыққа тап болған азаматтарға қолдау көрсету шаралары. Сингапурда қарыз алушылардың қарызды қайта құрылымдау немесе төлемді кейінге шегеру мүмкіндігі бар. Бұл жүйе азаматтардың төлем қабілеттілігін сақтауына және қаржылық қиындықтарға төтеп беруіне көмектеседі.

Жалпы, Сингапурдағы несие беру жүйесі әділдік пен ашықтық қағидаларына негізделген. Мемлекет азаматтардың қаржылық құқықтарын қорғау үшін нақты ережелерді ұстанып, қаржы ұйымдарының тұрақтылығын қамтамасыз етуге баса назар аударады.

## 2. Қазақстандағы ағымдағы жағдай

Қазақстанда қарыз алушыларды қорғау Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексімен, "Банктер және банктік қызмет туралы" Заңмен, «Микроқаржылық қызмет туралы» Заңмен сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің нормативтік құқықтық актілерімен қамтамасыз етілген. Алайда, бұл заңнамалық база кейбір мәселелерді толық шеше алмай отыр (Қазақстан Республикасының Азаматтық Кодексі, 1994; Қазақстан Республикасының азаматтық кодексі (ерекше бөлім), 1999; Банктер және банк қызметі туралы Қазақстан Республикасының Заңы, 1995; Микроқаржылық қызмет туралы Қазақстан

Республикасының Заңы, 2012).

Қазіргі таңда Қазақстанда тұтынушылық кредиттеуді кешенді түрде реттейтін бірыңғай заң жоқ. Бұл несие шарттарының біркелкі болмауына, қарыз алушылардың құқықтары мен міндеттерінің нақты айқындалмауына алып келеді. Сондай-ақ, банктер мен микроқаржы ұйымдарының әртүрлі талаптарды белгілеуіне жол ашады.

Жылдық тиімді сыйақы мөлшерлемесінің шекті мөлшерлерін айқындау туралы Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 2024 жылғы 16 тамыздағы № 62 қаулысы және Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2024 жылғы 19 тамыздағы № 45 бірлескен қаулысына сай Қазақстандағы микроқаржы ұйымдары мен ломбардтар ұсынатын несиелер бойынша жылдық тиімді сыйақы мөлшерлемесі (ЖТСМ) 46%-ды құрап отыр. Мұндай жоғары пайыздар халықтың қаржылық жүктемесін арттырып, қарыз алушылардың қарыз тұзағына түсуіне себеп болады. Көптеген азаматтар қаржылық қиындықтардан шығу үшін бірнеше несие алуға мәжбүр болып, нәтижесінде борышкерлер саны артуда (Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының және Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының бірлескен қаулы, 2024).

Қаржылық сауаттылықтың төмен болуы қазақстандықтардың несие шарттарын толық түсінбеуіне әкеледі. Зерттеулерге сәйкес, халықтың 40%-дан астамы несие шарттарының талаптарын білмейді немесе дұрыс түсінбейді. Бұл олардың өз құқықтары мен міндеттерін толық білмеуіне, сондай-ақ қаржылық шешімдерді ойланбай қабылдауына себепші болады.

Қарыздарды өндіріп алу барысында кейбір коллекторлық агенттіктер борышкерлерге заңсыз қысым көрсету, қорқыту, психологиялық шабуыл жасау сияқты әдістерді қолданатыны туралы шағымдар жиі кездеседі. Бұл халықтың әлеуметтік жағдайына теріс әсер етіп, азаматтардың құқықтарын бұзу қаупін күшейтеді.

Жоғарыда айтылғандай, Қазақстанда қарыздық жүктеме жылдан-жылға өсіп келеді. 2024 жылдың басында халықтың банктер мен микроқаржы ұйымдары алдындағы қарызы 14 трлн теңгеден асты. Бұл көрсеткіш халықтың қарыз алу деңгейінің жоғары екенін және несиеге тәуелділіктің артып келе жатқанын көрсетеді.

Соңғы жылдары Қазақстан қарыз алушылардың құқықтарын қорғау бойынша бірқатар шараларды қабылдады:

Қазақстанда қарыз алушылардың құқықтарын қорғау саласында соңғы жылдары маңызды заңнамалық өзгерістер орын алды. 2024 жылғы 19 маусымда Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне кредит беру кезінде тәуекелдерді барынша азайту, қарыз алушылардың құқықтарын қорғау, қаржы нарығын реттеуді және атқарушылық іс жүргізуді жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заңына қол қойды (Қазақстан Республикасы Президентінің ресми сайты, 2025).

Бұл заң аясында бірнеше негізгі өзгерістер енгізілді. Біріншіден, қарыз алушылардың борыштық жүктемесін шектеу мақсатында мерзімі 90 күннен асқан берешегі бар тұлғаларға кепілсіз тұтынушылық қарыздар беруге тыйым салынды. Сонымен қатар, әскери қызметшілерге қатысты жеңілдіктер қарастырылып, олардың мерзімді әскери қызметін өткеру кезінде және демобилизациядан кейін 60 күн ішінде алынған қарыздарына сыйақы есептеуден босату енгізілді.

Коллекторлық агенттіктердің қызметіне қойылатын талаптар да күшейтілді. 2026 жылғы 1 мамырға дейін банктер мен микроқаржы ұйымдарына азаматтардың қарызын коллекторлық агенттіктерге беруге тыйым салынды. Бұл мерзімнен кейін коллекторлық агенттіктерге жеке тұлғалардың құқықтарын беру шарттары қатаңдатылды.

Қарыз алушылардың құқықтарын қорғауды күшейту мақсатында банк омбудсманының құзыреті кеңейтіліп, микроқаржы омбудсманы институты енгізілді. Әлеуметтік осал топтарға жататын борышкерлердің жалғыз баспанасын өндіріп алу шектеліп, жылыт маусымында оларды мәжбүрлеп шығару мүмкіндігі алынып тасталды. Сонымен қатар, алаяқтық әрекеттердің алдын алу үшін онлайн қарыздар беру кезінде биометриялық сәйкестендіру міндеттелді.

Осылайша, Қазақстандағы қарыз алушылардың құқықтарын қорғау бағытындағы реформалар қаржы нарығындағы тәуекелдерді азайтуға және азаматтардың борыштық жүктемесін төмендетуге бағытталған маңызды шаралар кешенін қамтиды.

### 3. Қазақстанда халықаралық тәжірибені қолдану мүмкіндіктері

Қазақстанда қарыз алушылардың құқықтарын қорғау деңгейін арттыру үшін ЕО, АҚШ және Азия елдерінде тиімділігін дәлелдеген халықаралық тәжірибелерді бейімдеуге болады.

Тұтынушылық кредиттеу туралы бірыңғай заңды қабылдау, заңның несиенің нарығын реттеуге, жүйелеуге және қарыз алушылардың құқықтарын қорғауды күшейтуге көмектеседі. Жаңа заңда Жапония мен Оңтүстік Кореядағыдай ең жоғары пайыздық мөлшерлемелерге шектеулерді енгізу қажет. Кредиторлардың несиенің толық құнын ашуға міндеттемесі, соның ішінде ЕО директивасына ұқсас барлық комиссиялар мен қосымша төлемдерді ашық көрсету мәселесі қаралу қажет. Қарыз алушыларды әділетсіз әрекеттерден қорғау, соның ішінде агрессивті қарызды өндіріп алуға тыйым салу және қарызды міндетті несиенің толық құнын ашу, қарыз алушыларға қаржылық шешімдерді саналы түрде қабылдауға көмектеседі. Бұл әрекет АҚШ-тағыдай, қарыз алушыларды ақпараттандырудың біріздендірілген жүйесінің, негізсіз берешек жағдайларының санын азайтуға мүмкіндік береді.

ЕО елдеріндегідей сияқты Қазақстанда да несиелер бойынша 14 күндік мерзім енгізуге болады, осы 14 күндік мерзім барысында қарыз алушы айыппұлсыз несиеден бас тарта алады. Бұл механизм тұтынушыларды асығыс шешімдерден қорғайды және проблемалық қарыздардың санын азайтады. Қаржы омбудсмендердің институттынын әрі қарай дамыту, қарыз алушыларға несиенің берушілермен дауларды сотқа жүгінбей-ақ шешуге мүмкіндік береді. Табысты модельдердің мысалдары ретінде Ұлыбританияның қаржы омбудсмены (Financial Ombudsman Service, FOS) және Австралиялық қаржылық омбудсмен (Australian Financial Complaints Authority, AFCA) алуға болады. Бұл институт қарыз алушылардың банктер мен микроқаржы ұйымдарына қатысты шағымдарын қарау, даулар бойынша міндетті болған шешімдер шығару мен Коллекторлық агенттіктердің қызметін бақылауды жүзеге асырады айналысатын болады.

Және де Қазақстанда халықаралық тәжірибені, атап айтқанда ипотекалық несиелеудің швейцариялық моделін қолдану қарыз алушылардың Қазақстандағы жағдайын едәуір жеңілдетуі мүмкін. 50 жылдық ұзақ мерзімді ипотека ай сайынғы төлемдерді төмендетеді, ал белгіленген пайыздық мөлшерлемелер төлемдердің тұрақтылығын қамтамасыз етеді. Мұрагерлік ипотека отбасыларға қарызды дереу төлемей-ақ тұрғын үйді сақтауға көмектеседі. Жанама амортизацияны қоса алғанда, икемді төлем жүйесін енгізу қарыз алушыларға өз қаржысын басқаруға көбірек мүмкіндік береді. Макроэкономикалық тұрақтылық арқылы пайыздық мөлшерлемені төмендету ипотеканы қол жетімді етеді. Қарыз алушының кірісінің 30-33% деңгейінде қарыз жүктемесін шектеу артық несиенің ауыртпалығын болдырмайды. Жылжымайтын мүлікті бағалауды қатаң бақылау бағаның көтерілуіне жол бермейді, ал жастар мен балалары бар отбасыларды қолдаудың арнайы бағдарламалары тұрғын үй сатып алу шарттарын жақсартады. Бұл шаралар Қазақстанда ипотекалық несиелендіруді азаматтар үшін неғұрлым тұрақты, қолжетімді және қауіпсіз етуге көмектеседі.

**Қорытынды.** Қазіргі заманғы қаржылық жүйе жағдайында қарыз алушылардың құқықтарын қорғау тетіктерін жетілдіру - елдің экономикалық тұрақтылығы мен әлеуметтік әділеттілігін қамтамасыз етудегі басым бағыттардың бірі. Мақалада жүргізілген талдаулар көрсеткендей, дамыған елдердің заңнамалық және институционалдық тәжірибесі бұл салада тиімді нәтижелерге қол жеткізуге мүмкіндік берген. Атап айтқанда, несиелеу шарттарының ашықтығын қамтамасыз ету, пайыздық мөлшерлемелерді шектеу, тәуелсіз омбудсмен институтын дамыту, сондай-ақ кредиттік рейтинг пен қаржылық сауаттылықты арттыру тетіктері қарыз алушылардың құқықтарын қорғаудың тиімді үлгілері ретінде көрініс тапқан.

Қазақстандағы қазіргі ахуалға және қаржы саласындағы жахандық өзгерістерге жүргізілген талдау елдегі бұл салада белгілі бір ілгерілеу болғанымен, жүйелі мәселелердің сақталып отырғанын көрсетті. Оның ішінде тұтынушылық несиелеуді кешенді реттейтін бірыңғай заңның жоқтығы, қарыз шарттарының кейбір жосықсыз тәжірибелер арқылы

жасырын сипат алуы, коллекторлық агенттіктер қызметіндегі құқық бұзушылықтар және азаматтардың қаржылық сауаттылығының жеткіліксіздігі - басты проблемалар ретінде айқындалды.

Халықаралық тәжірибеге сүйене отырып, Қазақстан үшін төмендегідей нақты әрі негізделген ұсыныстарды тұжырымдауға болады:

1 Тұтынушылық кредиттеу саласын реттейтін арнайы құқықтық актіні қабылдау.

2 Несиелеу шарттары бойынша барлық ақпаратты толық, нақты әрі салыстырмалы түрде ұсынуды міндеттейтін құқықтық нормаларды енгізу. Бұл азаматтардың несиелік шешімдерді саналы түрде қабылдауына жағдай жасайды.

3 Қарыз алушылардың борыштық жүктемесін бағалау жүйесін күшейту, оның ішінде кредиторлар мен микроқаржылық ұйымдар үшін бірыңғай әдістеме мен автоматтандырылған есептеу алгоритмдерін заңмен бекіту.

4 Банк омбудсмені мен микроқаржылық омбудсмен институттарын нақты құзыреттермен қамтамасыз етіп, олардың шешімдеріне құқықтық міндеттілік беру.

5 Кредиттік бюролардың жұмысын жетілдіру: олар тек банктік несиелерді ғана емес, азаматтардың төлем мәдениетін кең ауқымда есепке алуы тиіс (мысалы, коммуналдық төлемдер, салықтар, байланыс қызметтері). Бұл бағыт несиелеу тарихы жоқ тұлғалар үшін де объективті баға алуға мүмкіндік береді.

6 Азаматтардың қаржылық сауаттылығын жүйелі түрде арттыру мақсатында ұлттық бағдарламалар қабылдау және бар салаларды дамыту, бұл халықтың несиелеуге тәуелділігін азайтып, қаржылық тәуекелдерді басқару қабілетін күшейтеді.

Жалпылай алғанда, қарыз алушылардың құқықтарын қорғау жүйесін жетілдіру үшін құқықтық, институционалдық және білім беру сипатындағы кешенді шаралар қажет. Қазақстан халықаралық тәжірибені өз контекстіне бейімдей отырып, тиімді әрі әділ қаржылық инфрақұрылым қалыптастыруға қабілетті. Бұл бағыттағы жүйелі реформа елдегі әлеуметтік тұрақтылықты арттырып қана қоймай, қаржы нарығына деген сенімді де нығайта түседі.

#### Әдебиеттер

Афанасьев С.А., Рейтинг кредитной благонадёжности Schufa, 30.12.2024 г. URL: <https://www.insure.travel/de/finance/schufa> (Қаралған күні: 19.03.2025).

«Банктер және банк қызметі туралы» Қазақстан Республикасының Заңы (1995). 31 тамыздағы № 2444 [Электрондық ресурс]: «Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінің заңдық ақпараттық жүйесі» ([adilet.zan.kz](http://adilet.zan.kz)) URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z950002444> (Қаралған күні: 19.03.2025).

Браун А., 11.06.2022 г. Кредитный рейтинг Schufa в Германии: где узнать и как улучшить. URL: <https://aussiedlerbote.de/2022/06/kreditnyj-rejting-schufa-v-germanii-gde-uznat-i-kak-uluchshit/> (Қаралған күні: 19.03.2025).

Еуропалық Парламент және Еуропалық Одақ Кеңесі. (2008). Тұтынушыларға арналған несиелеу шарттары туралы 2008/48/ЕС Директивасы (2008 жылғы 23 сәуір). Еуропалық Одақтың ресми журналы, L 133, 5-бап, 70-72. <https://eur-lex.europa.eu/eli/dir/2008/48/oj> (Қаралған күні: 19.03.2025).

Жапония. (1954). Пайыздық мөлшерлемелерді шектеу туралы заң, 1954 жылғы 15 мамырдағы №100 Заң, 1-бап (Қаралған күні: 09.04.2025).

Жылдық тиімді сыйақы мөлшерлемесінің шекті мөлшерлерін айқындау туралы Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 2024 жылғы 16 тамыздағы № 62 қаулысы және Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2024 жылғы 19 тамыздағы № 45 бірлескен қаулы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2024 жылғы 20 тамызда № 34960 болып тіркелді. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2400034960> (Қаралған күні: 20.04.2025).

Кредиттік бюро. 10.09.2020 жыл. URL: <https://fingramota.kz/kk/post/kreditik-byuro> (Қаралған күні: 02.05.2025).

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының «Микрокредит беру туралы шартты жасасу тәртібін, оның ішінде шарттың мазмұнына, ресімделуіне және микрокредиттің толық құны (микрокредит бойынша артық төленетін сома, микрокредит мәні) туралы ақпаратты қамтитын оның бірінші бетіне, микрокредит беру туралы шарттың міндетті шарттарына қойылатын талаптарды, сондай-ақ микрокредитті өтеу кестесінің нысанын бекіту туралы» 2019 жылғы 29 қарашадағы № 232 қаулысы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2019 жылғы 5 желтоқсанда № 19697 болып тіркелді. [Электрондық ресурс]: «Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінің заңдық ақпараттық жүйесі» ([adilet.zan.kz](http://adilet.zan.kz)) URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1900019697> (Қаралған күні: 25.04.2025).

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының «Микрокредит алу үшін қажетті құжаттардың тізбесін, сондай-ақ Микрокредит беру туралы шарт бойынша кредиттік дерекнама жүргізу қағидаларын бекіту туралы» 2019 жылғы 26 қарашадағы № 210 қаулысы [Электрондық ресурс]: «Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінің заңдық ақпараттық жүйесі» ([adilet.zan.kz](http://adilet.zan.kz)) URL: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/V1900019670> (Қаралған күні: 25.04.2025).

Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы кредиттік бюролар және кредиттік тарихты қалыптастыру туралы» 2004 жылғы 6 шілдедегі N 573 Заңы. [Электрондық ресурс]: «Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінің заңдық ақпараттық жүйесі» ([adilet.zan.kz](http://adilet.zan.kz)) URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z040000573> (Қаралған күні: 02.05.2025).

Қазақстан Республикасының Азаматтық Кодексі (1994). 27 желтоқсандағы № 268-ХІІІ [Электрондық ресурс]: «Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінің заңдық ақпараттық жүйесі» ([adilet.zan.kz](http://adilet.zan.kz)) URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K940001000> (Қаралған күні: 19.03.2025).

Қазақстан Республикасының азаматтық кодексі (ерекше бөлім) (1999). 1 шілдедегі № 409 Кодексі [Электрондық ресурс]: «Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінің заңдық ақпараттық жүйесі» (adilet.zan.kz) URL: [https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K990000409\\_\(Қаралған күні: 19.03.2025\)](https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K990000409_(Қаралған күні: 19.03.2025)).

Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне кредит беру кезінде тәуекелдерді барынша азайту, қарыз алушылардың құқықтарын қорғау, қаржы нарығын реттеуді және атқарушылық іс жүргізуді жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы. Қазақстан Республикасы Президентінің ресми сайты 2025 ж. <https://surl.li/zysejj> (Қаралған күні: 20.04.2025).

Микроқаржылық қызмет туралы Қазақстан Республикасының 2012 жылғы 26 қарашадағы № 56-V Заңы. [Электрондық ресурс]: «Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінің заңдық ақпараттық жүйесі» (adilet.zan.kz) URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1200000056>

Миф о закредитованности: кто в Казахстане на самом деле берёт кредиты? 2 сәуір 2025 жыл, URL: <https://ranking.kz/reviews/banking-and-finance/mif-o-zakreditovannosti-kto-v-kazahstane-na-samom-dele-beryot-kredity.html>

Понимание влияния телефонных контрактов в Великобритании на вашу кредитную историю. 08.04.2024 г. URL: <https://surl.li/fvuwwx> (Қаралған күні: 19.03.2025).

Lee, H.-J. (2022, July 14). Personal debt restructuring programs introduced in Korea. Korea JoongAng Daily. URL: <https://koreajoongangdaily.joins.com/2022/07/14/business/economy/Korea-Yoon-Sukyeol-Finance/20220714170209036.html> (Қаралған күні: 09.04.2025).

Monetary Authority of Singapore (MAS) ресми сайты <https://www.mas.gov.sg/> (Қаралған күні: 20.04.2025).

Singapore Deposit Insurance Corporation (SDIC) <https://www.sdic.org.sg/> (Қаралған күні: 20.04.2025).

SNB Financial Stability Report 2023, 45- бет URL: [https://www.snb.ch/en/publications/financial-stability-report/2023/stabrep\\_2023](https://www.snb.ch/en/publications/financial-stability-report/2023/stabrep_2023) (Қаралған күні: 20.04.2025).

## References

Afanasev, S.A. (2024, December 30). Reiting kreditnoy blagonadyozhnosti Schufa [Schufa Creditworthiness Rating]. <https://www.insure.travel/de/finance/schufa> (Karalghan kuni: 19.03.2025) [In Rus]

«Bankter zhane bank khyzmetti turaly» Qazaqstan Respublikasynyń Zany (1995, 31 August) № 2444 [Law of the Republic of Kazakhstan "On Banks and Banking Activities" ]. Qazaqstan Respublikasynyń Adilet ministriliginii zańdyq aqparattyq zhyyesi (adilet.zan.kz). [https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z950002444\\_](https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z950002444_) (Karalghan kuni: 19.03.2025) [In Kaz]

Braun, A. (2022, June 11). Kreditnyy reyting Schufa v Germanii: gde uznat i kak uluchshit [Schufa Credit Rating in Germany: Where to Check and How to Improve]. <https://aussiedlerbote.de/2022/06/kreditnyj-rejting-schufa-v-germanii-gde-uznat-i-kak-uluchshit/> (Karalghan kuni: 19.03.2025) [In Rus]

Évropálik Parlament zhane Évropályq Odaq Kénesi. (2008). Tutynushylarǵa arnalǵan nesie sharttary turaly 2008/48/EC Direktivasy (2008 жылғы 23 сәуір) [Directive 2008/48/EC of the European Parliament and of the Council on Credit Agreements for Consumers]. Évropályq Odaqtyń resmii zhurnaly, L 133, 5-bap, 70--72. <https://eur-lex.europa.eu/eli/dir/2008/48/oj> (Karalghan kuni: 19.03.2025) [In Eng]

Kreditnik byuro. (2020, September 10). [Credit Bureau]. <https://fingramota.kz/kk/post/kreditnik-byuro> (Karalghan kuni: 02.05.2025) [In Kaz]

Lee, H.-J. (2022, July 14). Personal debt restructuring programs introduced in Korea. Korea Joong Ang Daily. <https://koreajoongangdaily.joins.com/2022/07/14/business/economy/Korea-Yoon-Sukyeol-Finance/20220714170209036.html> (Karalghan kuni: 09.04.2025) [In Eng]

«Mikroqarzhylıq khyzmet turaly» Qazaqstan Respublikasy (2012, November 26) № 56-V Zán [Law on Microfinance Services of the Republic of Kazakhstan]. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1200000056> [In Kaz]

«Mif o zakreditovannosti: kto v Kazakhstane na samom dele beryot kredity?» (2025, April 2) [The Myth of Over-Indebtedness: Who Really Takes Loans in Kazakhstan?]. <https://ranking.kz/reviews/banking-and-finance/mif-o-zakreditovannosti-kto-v-kazahstane-na-samom-dele-beryot-kredity.html> [In Rus]

Monetary Authority of Singapore (MAS) resmii sayty [Official website of Monetary Authority of Singapore]. <https://www.mas.gov.sg/> (Karalghan kuni: 20.04.2025) [In Eng]

Ponimaniye vliyaniya telefonnykh kontraktov v Velikobritanii na vashu kreditnyuyu istoriyu (2024, April 8) [Understanding the Impact of Phone Contracts in the UK on Your Credit History]. <https://surl.li/fvuwwx> (Karalghan kuni: 19.03.2025) [In Rus]

Qazaqstan Respublikasy Ulıtyq Banki Basqarmasynyń «Mikrokredit beru turaly shartty jasasu tártibin...» (2019, November 29) № 232 qaulı [Resolution on the Procedure for Concluding a Microcredit Agreement...]. Qazaqstan Respublikasy Adilet ministriliginde (2019, December 5) № 19697 bolyp tirkeldi. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1900019697> (Karalghan kuni: 25.04.2025) [In Kaz]

Qazaqstan Respublikasy Ulıtyq Banki Basqarmasynyń «Mikrokredit alu úshin qajetti qujattardyń tizbesin...» (2019, November 26) № 210 qaulı [Resolution on the List of Documents Required for Obtaining a Microcredit...]. <https://adilet.zan.kz/rus/docs/V1900019670> (Karalghan kuni: 25.04.2025) [In Kaz]

Qazaqstan Respublikasy «Qazaqstan Respublikasyndaǵy kreditnik byurolar zhane kreditnik tarykhty qalyptastyru turaly» (2004, July 6) N 573 Zán [Law of the Republic of Kazakhstan "On Credit Bureaus and Formation of Credit History"]. [https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z040000573\\_](https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z040000573_) (Karalghan kuni: 02.05.2025) [In Kaz]

Qazaqstan Respublikasy Azamattıq Kodeksi (1994, December 27) № 268-XIII [Civil Code of the Republic of Kazakhstan]. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K940001000> (Karalghan kuni: 19.03.2025) [In Kaz]

Qazaqstan Respublikasy Azamattıq kodeksi (erekse bob) (1999, July 1) № 409 Kodeksi [Civil Code (Special Part) of the Republic of Kazakhstan]. [https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K990000409\\_](https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K990000409_) (Karalghan kuni: 19.03.2025) [In Kaz]

Qazaqstan Respublikasynyń kebir zańnamalyq aktterine... (2025) [On Amendments to Certain Legislative Acts to Reduce Risks in Lending, Protect Borrowers' Rights, and Improve Financial Market Regulation]. <https://surl.li/zysejj> (Karalghan kuni: 20.04.2025) [In Kaz]

Singapore Deposit Insurance Corporation (SDIC) [Official website of Singapore Deposit Insurance Corporation]. <https://www.sdic.org.sg/> (Karalghan kuni: 20.04.2025) [In Eng]

SNB Financial Stability Report 2023, 45-bet [Swiss National Bank, Financial Stability Report 2023, p. 45]. [https://www.snb.ch/en/publications/financial-stability-report/2023/stabrep\\_2023](https://www.snb.ch/en/publications/financial-stability-report/2023/stabrep_2023) (Karalghan kuni: 20.04.2025) [In Eng]

Zhaponiya. (1954, May 15). Payzdzalyq molsherlemerdi shektey turaly zán №100, 1-bap [Law on Limiting Interest Rates] (Karalghan kuni: 09.04.2025) [In Eng]

Zholydyq tiimdi sıyaqsy molsherlemerdi anıktaı turaly Qazaqstan Respublikasy Qaryzyq naryqyn retteı zhane damytu agenttiǵı Basqarmasynyń (2024, August 16) № 62 qaulı men Qazaqstan Respublikasy Ulıtyq Banki Basqarmasynyń (2024, August 19) № 45

birlesken qauly [Joint Resolution on Setting Maximum Annual Percentage Rates]. Qazaqstan Respublikasy Adilet ministriginde (2024, August 20) № 34960 bolyp tirkeldi. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2400034960> (Karalghan kuni: 20.04.2025) [In Kaz]

МРНТИ 10.79.37

DOI: <https://doi.org/10.62687/VLJ.1.1.2025.15>

## ПРОБЛЕМЫ ЗАЩИТЫ ПРАВ ЖЕНЩИН В ИСПРАВИТЕЛЬНЫХ УЧРЕЖДЕНИЯХ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

**А.А. Комалов\*** 

ТОО «ALLIANCE BUILDINGS», Шымкент, Казахстан

\*e-mail: [almirikomalov@gmail.com](mailto:almirikomalov@gmail.com)

**А.А. Комалов** – магистр юридических наук, главный инженер ТОО «ALLIANCE BUILDINGS», Шымкент, Казахстан, <https://.0009-0007-0135-9962>, e-mail: [almirikomalov@gmail.com](mailto:almirikomalov@gmail.com)

**Аннотация.** Статья посвящена комплексному анализу состояния защиты прав женщин, отбывающих наказание в местах лишения свободы в Республике Казахстан. Рассматриваются ключевые проблемы функционирования исправительных учреждений для женщин, в частности несоответствие условий содержания международным стандартам, недостаточность санитарно-бытового и медицинского обеспечения, а также риски гендерного насилия и дискриминации. Особое внимание уделяется практике применения уголовного и уголовно-исполнительного законодательства в отношении женщин, анализируются институты условно-досрочного освобождения, замены наказания альтернативными мерами и амнистии. На основе анализа официальных статистических данных и конкретных кейсов выявляются системные проблемы правоприменительной практики, демонстрируется формалистский подход судов и приоритет карательных механизмов над принципами гуманизма и защиты прав человека.

В статье обосновывается необходимость проведения амнистии для женщин как первого этапа реформирования пенитенциарной системы, а также предлагаются ключевые направления дальнейших изменений: демилитаризация уголовно-исполнительной системы, внедрение гендерно-ориентированных стандартов содержания и расширение общественного контроля. Делается вывод о том, что реализация международных обязательств Казахстана в сфере прав человека требует системных и последовательных реформ, направленных на гуманизацию наказания и содействие ресоциализации осуждённых женщин.

**Ключевые слова:** защита прав осуждённых женщин; исправительные учреждения; уголовно-исполнительная система Казахстана; гуманизация наказания; условно-досрочное освобождение; альтернативные меры уголовной ответственности; женская амнистия; международные стандарты обращения с заключёнными.

## ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ТҮЗЕУ МЕКЕМЕЛЕРІНДЕГІ ӘЙЕЛДЕР ҚҰҚЫҚТАРЫН ҚОРҒАУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

**А.А. Комалов\***

«ALLIANCE BUILDINGS» ЖШС, Шымкент қ., Қазақстан

\*e-mail: [almirikomalov@gmail.com](mailto:almirikomalov@gmail.com)

**А.А. Комалов** – заң ғылымдарының магистрі, «ALLIANCE BUILDINGS» ЖШС бас инженері, Шымкент қ., Қазақстан, <https://.0009-0007-0135-9962>, e-mail: [almirikomalov@gmail.com](mailto:almirikomalov@gmail.com)

**Аңдатпа.** Мақала Қазақстан Республикасындағы бас бостандығынан айыру орындарында жазасын өтеп жатқан әйелдердің құқықтарын қорғау жағдайына кешенді талдау жасауға арналған. Әйелдерге арналған түзеу мекемелерінің қызмет етуіндегі негізгі мәселелер, атап айтқанда, ұстау жағдайларының халықаралық стандарттарға сәйкес келмеуі, санитарлық-тұрмыстық және медициналық қамтамасыз етудің жеткіліксіздігі, сондай-ақ гендерлік зорлық-зомбылық пен кемсітушілік тәуекелдері қарастырылады. Әйелдерге

қатысты қылмыстық және қылмыстық-атқару заңнамасын қолдану тәжірибесіне, шартты түрде мерзімінен бұрын босату, жазаны баламалы шаралармен алмастыру және амнистия институттарын талдауға ерекше назар аударылады. Ресми статистикалық деректер мен нақты жағдайларды талдау негізінде құқық қолдану тәжірибесіндегі жүйелі проблемалар анықталып, соттардың формалистік көзқарасы мен гуманизм және адам құқықтарын қорғау қағидаттарына қарағанда жазалау тетіктеріне басымдық берілетіні көрсетіледі.

Мақалада пенитенциарлық жүйені реформалаудың алғашқы кезеңі ретінде әйелдерге арналған амнистия жүргізудің қажеттілігі негізделеді, сондай-ақ қылмыстық-атқару жүйесін демилитаризациялау, гендерлік бағдарланған ұстау стандарттарын енгізу және қоғамдық бақылауды кеңейту сияқты одан әрі өзгерістердің негізгі бағыттары ұсынылады. Қазақстанның адам құқықтары саласындағы халықаралық міндеттемелерін іске асыру жазаны ізгілендіруге және сотталған әйелдерді қоғамға қайта әлеуметтендіруге бағытталған жүйелі әрі дәйекті өзгерістерді талап ететіні жөнінде қорытынды жасалады.

**Кілт сөздер:** әйелдер құқықтары; әйелдерге арналған түзеу мекемелері; пенитенциарлық жүйе; қылмыстық-атқару құқығы; амнистия; шартты түрде мерзімінен бұрын босату; гендерлік кемсітушілік; адам құқықтарының халықаралық стандарттары.

## PROBLEMS OF PROTECTING THE RIGHTS OF WOMEN IN CORRECTIONAL INSTITUTIONS OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

A.A. Komalov\*

ALLIANCE BUILDINGS LLP, Shymkent, Kazakhstan

\*e-mail: almirikomalov@gmail.com

**A. A. Komalov** – master of Laws, Chief Engineer of ALLIANCE BUILDINGS LLP, Shymkent, Kazakhstan, <https://.0009-0007-0135-9962>, e-mail: almirikomalov@gmail.com

**Abstract.** The article is devoted to a comprehensive analysis of the state of protection of the rights of women held in places of deprivation of liberty in the Republic of Kazakhstan. The key problems in the functioning of women's correctional institutions are examined, including the non-compliance of detention conditions with international standards, insufficient provision of sanitary, domestic, and medical facilities, as well as the risks of gender-based violence and discrimination. Special attention is paid to the practice of applying criminal and penal enforcement legislation in relation to women, including the analysis of the institutions of parole, alternative sanctions, and amnesty. Based on official statistical data and specific cases, systemic problems in law enforcement practice are identified, demonstrating a formalistic approach by the courts and the prioritization of punitive mechanisms over the principles of humanism and the protection of human rights.

The article substantiates the necessity of introducing a women's amnesty as the first stage of reforming the penitentiary system and proposes directions for further transformations, including the demilitarization of the penal enforcement system, the introduction of gender-sensitive detention standards, and the expansion of public oversight. It is concluded that the implementation of Kazakhstan's international human rights obligations requires consistent and systematic changes aimed at the humanization of punishment and the reintegration of convicted women into society.

**Key words:** women's rights; women's correctional institutions; penitentiary system; penal enforcement law; amnesty; parole; gender discrimination; international human rights standards.

**Введение.** Действующее уголовное и уголовно-процессуальное законодательство Республики Казахстан формально закрепляет возможность применения к женщинам мер, альтернативных лишению свободы, а также отсрочки исполнения наказания в связи с беременностью или наличием малолетних детей. Вместе с тем анализ правоприменительной практики показывает, что данные механизмы используются ограниченно и не оказывают существенного влияния на снижение уровня изоляции женщин от общества.

В большинстве случаев суды при рассмотрении соответствующих ходатайств исходят из формальных критериев исправления осуждённой, что приводит к отказу в применении предусмотренных законом гуманизирующих институтов. Таким образом, существующий разрыв между нормативным регулированием и практикой его реализации существенно снижает эффективность правовых гарантий защиты прав женщин, а также отсутствие специализированных учреждений для психически больных женщин.

Актуальность настоящего исследования обусловлена необходимостью комплексного анализа правового положения женщин в системе исполнения наказаний, выявления системных проблем правоприменения и выработки практико-ориентированных предложений по реформированию уголовно-исполнительной системы с учетом гендерного подхода. Особое значение в этом контексте приобретает вопрос введения женской амнистии как одного из инструментов гуманизации уголовной политики и реализации международных обязательств Казахстана в сфере прав человека.

Целью статьи является анализ состояния защиты прав женщин в исправительных учреждениях Республики Казахстан, оценка эффективности действующих правовых механизмов и обоснование необходимости внедрения комплексных мер, направленных на гуманизацию наказания и социальную реинтеграцию осужденных женщин.

**Методы и материалы.** В исследовании использовались общенаучные и специальные методы юридического познания. Диалектический и системный подходы позволили рассмотреть проблемы защиты прав женщин в исправительных учреждениях Республики Казахстан в их взаимосвязи и развитии. Формально-юридический метод применялся при анализе норм Конституции Республики Казахстан, уголовного, уголовно-процессуального и уголовно-исполнительного законодательства, регулирующих исполнение наказаний в отношении женщин.

Сравнительно-правовой метод использовался для сопоставления национального законодательства и правоприменительной практики с международными стандартами в сфере прав человека, включая Бангкокские правила и Правила Нельсона Манделы. Эмпирическую базу исследования составили официальные статистические данные Комитета уголовно-исполнительной системы МВД Республики Казахстан, материалы Общественных наблюдательных комиссий, а также анализ конкретных практических случаев. Полученные данные были обобщены с использованием методов анализа и синтеза для формулирования выводов и предложений по совершенствованию уголовно-исполнительной системы.

**Результаты и обсуждение.** Международная практика исполнения наказаний в отношении женщин ориентирована на сохранение социальных и семейных связей как важного условия последующей ресоциализации. Однако анализ функционирования женских исправительных учреждений в Республике Казахстан свидетельствует о наличии устойчивых проблем, связанных с территориальной удалённостью учреждений от мест проживания осуждённых.

Размещение женщин в исправительных учреждениях, находящихся на значительном расстоянии от семьи и родственников, объективно ограничивает возможность поддержания социальных контактов и оказывает негативное влияние на психологическое состояние осуждённых. Указанные обстоятельства усугубляются длительными сроками лишения свободы и снижением уровня социальной поддержки, что в дальнейшем осложняет процесс возвращения женщин в общество после освобождения (Строгий режим, 2023).

В этих условиях особое значение приобретает развитие механизмов социальной и постпенитенциарной поддержки осуждённых женщин, включая создание специализированных реабилитационных программ, направленных на восстановление социальных связей и снижение рисков повторной маргинализации.

Функционирование системы исправительных учреждений для женщин в Республике Казахстан характеризуется рядом устойчивых организационных и инфраструктурных проблем, оказывающих непосредственное влияние на реализацию прав осуждённых. Несмотря на сравнительно меньшую численность женщин в общей структуре осуждённых,

специфика их правового и социального положения требует дифференцированного подхода в организации исполнения наказаний. Практика деятельности женских исправительных учреждений показывает, что существующая модель уголовно-исполнительной системы не в полной мере отвечает задачам гуманизации наказания и обеспечения надлежащих условий содержания (Об особенностях, 2019).

Существенная часть исправительных учреждений для женщин функционирует в зданиях, возведённых в иные исторические периоды и изначально не предназначенных для реализации современных стандартов обращения с осуждёнными. Это объективно осложняет обеспечение надлежащих санитарно-бытовых условий, доступной медицинской помощи и безбарьерной среды для женщин с ограниченными физическими возможностями. Наличие подобных инфраструктурных ограничений негативно отражается на качестве исполнения наказаний и уровне защиты прав осуждённых.

Отдельной проблемой является территориальная удалённость исправительных учреждений от мест постоянного проживания осуждённых женщин. Ограниченные возможности поддержания контактов с родственниками и близкими лицами оказывают неблагоприятное влияние на психологическое состояние осуждённых, усиливают социальную изоляцию и осложняют процесс ресоциализации после освобождения. В условиях длительных сроков лишения свободы и ослабления семейных связей возрастает риск социальной дезадаптации и повторной маргинализации.

Анализ правоприменительной практики также свидетельствует о наличии системных недостатков в обеспечении личной безопасности женщин в местах лишения свободы. Недостаточная регламентация механизмов внутреннего контроля и особенности кадрового обеспечения исправительных учреждений создают дополнительные риски нарушения прав осуждённых и требуют пересмотра организационных подходов к управлению учреждениями. В этой связи особое значение приобретает соблюдение принципов гендерной чувствительности при формировании персонального состава и организации надзорной деятельности (Информационное сообщение, 2022).

Дополнительным уязвимым аспектом остаётся обеспечение специализированной медицинской помощи, в том числе для женщин, страдающих тяжёлыми соматическими и психическими заболеваниями. Ограниченные возможности медицинского сопровождения и отсутствие специализированных учреждений снижают уровень защиты наиболее уязвимых категорий осуждённых и не соответствуют целям гуманного исполнения наказаний.

В совокупности выявленные проблемы указывают на необходимость комплексного реформирования уголовно-исполнительной системы с учётом гендерного подхода. К приоритетным направлениям относятся демилитаризация системы исполнения наказаний, модернизация инфраструктуры исправительных учреждений, развитие медицинского и психологического сопровождения, а также расширение механизмов общественного контроля. Реализация указанных мер позволит повысить эффективность защиты прав осуждённых женщин и создать условия для их устойчивой социальной реинтеграции после освобождения (Краснобаева, Саница, 2016: 91-92).

Институт амнистии традиционно занимает важное место в системе уголовной политики государств постсоветского пространства, включая Республику Казахстан. В условиях формирования национальной правовой системы данный механизм был сохранён как один из инструментов смягчения уголовной репрессии и гуманизации наказания. За годы независимости в Казахстане неоднократно применялись акты амнистии в отношении различных категорий осуждённых, что свидетельствует о признании государством социальной и правовой значимости данного института. Вместе с тем практика применения амнистии показывает, что данный механизм не использовался в качестве адресной меры, направленной исключительно на защиту прав женщин.

Сравнительный анализ опыта государств СНГ демонстрирует, что в ряде стран амнистия рассматривалась как специальный инструмент гуманизации уголовной политики в отношении женщин и несовершеннолетних. Применение подобных мер позволяло снизить уровень

изоляции социально уязвимых групп, уменьшить нагрузку на пенитенциарную систему и создать условия для социальной реинтеграции лиц, не представляющих повышенной общественной опасности. В этом контексте отсутствие в Казахстане отдельной женской амнистии указывает на ограниченность использования потенциала данного института (Женская амнистия, 2021).

Анализ действующего уголовного и уголовно-процессуального законодательства Республики Казахстан позволяет сделать вывод о формальном наличии правовых механизмов, направленных на смягчение наказания и сокращение сроков изоляции женщин (Уголовно-процессуальный кодекс РК, 2014).

Однако правоприменительная практика свидетельствует о крайне ограниченном использовании альтернатив лишению свободы, институтов отсрочки исполнения наказания и условно-досрочного освобождения. Данные тенденции указывают на преобладание карательного подхода над принципами гуманизма и индивидуализации наказания.

Статистические показатели применения условно-досрочного освобождения и смягчения наказания в отношении женщин подтверждают наличие устойчивой отрицательной динамики (Статистика КУИС МВД РК, 2024).

Сокращение числа случаев применения данных институтов свидетельствует о том, что суды при рассмотрении соответствующих ходатайств преимущественно исходят из формальных критериев, уделяя недостаточное внимание социальным последствиям изоляции женщин, особенно матерей, имеющих несовершеннолетних детей. Это обстоятельство существенно ограничивает возможности реализации целей ресоциализации и защиты семейных прав.

